



ДЕКЛАРАЦИЯ



ҚАСИЕТТІ ДЕ ҚАСТЕРЛІ ҚҰЖАТ

5

ТАРИХИ КҮН



МЕРЕЙЛІ ДЕ МӘРТЕБЕЛІ МЕРЕКЕ

8-9

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

22.10.2022

Түнде:



+7+9 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+20+22 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

23.10.2022

Түнде:



+8+10 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр.

Күндіз:



+11+13 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр.



Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №124-125 (6260) 22 қазан, сенбі, 2022 жыл.

25 ҚАЗАН – РЕСПУБЛИКА КҮНІ

КӨК ТУДЫҢ ЖЕЛЫРЕГЕНІ – ҚАЗАҚТЫҢ АСҚАҚ БЕДЕЛІ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

1990 жылы 25 қазан күні Алматы қаласында, дәл осы суреттегі Қазақстан Республикасы Парламентінің тарихи ғимаратында Қазақ КСР-інің XII шақырылған Жоғары Кеңесі маңызды құжат – «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясын» қабылдаған еді.

Егемендік Декларациясы – Ел Тәуелсіздігіне негіз қалаған және жол ашқан тарихи құнды әрі маңызды құжат болып саналады. Бұл мерейлі де мәртебелі мерекені құрметтеу әрқайсымыздың азаматтық парызымыз!

Газетіміздің бүгінгі санында Егемендігімізді еншілеген қастерлі де қасиетті күн жайлы жарияланымдарды ұсынып отырмыз.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

АШЫҚ ӘНГІМЕ

Алматы қаласының әкімі Бостандық ауданының тұрғындарымен кездесті



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Шаһар басшысы Ерболат Досаевтың халықпен кезекті кездесуі Бостандық ауданында өтті. Қала әкімі ауданның дамуы және тұрғындардан түскен ұсыныстар бойынша атқарылған жұмыстар туралы айтып берді. Кездесуге 350-ден астам адам келді.

Шаһар басшысы осының алдындағы кездесулерде берген тапсырмаларының бүгінде 85%-ы орындалғанын, ал қалған 27-сі бойынша жұмыстар жүріп жатқанын атап өтті.

ҚЫСҚА...

- ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясында Арал теңізі мәселелері талқыланды.
- Президенттікке кандидаттарды тіркеу аяқталып, сайлауалды үгіт-насихат жүргізу кезеңі басталды.
- LG Ресейдегі зауытты жауып, Қазақстанға көшуді жоспарлап отыр.
- Еңбек министрлігінің жаңа міндеттері пайда болады.
- Қазақстан мен Жапония әскери салада ынтымақтастықты арттырады.
- 8 желтоқсаннан бастап Алматы – Хабаровск – Алматы тікелей рейстері ашылады.
- Жаңа жылдан бастап Алматыда мектеп автобустары жүреді.
- Мегаполисте отбасылық орталық ашылды.

www.almaty-akshamy.kz



3

БРИФИНГ

ЕЛІМІЗДІҢ БАСТЫ МЕРЕКЕСІ

Алматы әкімдігінде Республика күніне арналған іс-шаралар жоспары айтылды



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында өткен брифингте Алматы қалалық Қоғамдық даму басқармасының басшысы Айдар Есенбеков Республика күніне орай қандай іс-шаралар өтетіні туралы айтып берді.

Ақтоқын ТҮРЛЫҒАЗЫ

Айдар Есенбеков сөзін Мемлекет басшысының тапсырмасымен биылғы жылы «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенін еске салудан бастады.

«Биыл бұл мереке Алматыда кеңінен аталып өтілмек, іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілді. Бұл күні қаламызда әртүрлі салтанатты жиындар, концерттер өтеді. Іс-шаралардың бір бөлігі өтіп қойды, мысалы, 7 қазанда Қа-

зақстан халқы Ассамблеясы Республикалық Аналар кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті. Ал 15 қазан күні Желтоқсан саябағында желтоқсандықтардың, волонтерлердің және «Ассамблея жастары» Алматы қаласы өкілдігі мүшелерінің қатысуымен сенбілік өтті. 1000-нан астам ағаш отырғызылып, саябақтың іргелес аумағына санитарлық тазалау жұмыстары жүргізілді», – деді А.Есенбеков.

Республика күнін мерекелеу аясында қаланы көрнекі безендіру жұмыстары жүргізілді. Тақырыптық құттықтаулар қаланың LED-экрандары мен билбордтарында орналастырылған.

«Мереке қарсаңындағы күндері Республика күніне арналған «Туған Қазақстанымды мақтан тұтамын» челленджі басталды. Барлығы 25 бейнеролик дайындалды, онда ҚХА жастарының 25 өкілі қаланың көрікті жерлері фонында елге, қалаға деген патриоттық сезімдерін айтты», – деп жалғастырды А.Есенбеков.

Алматы қалалық Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Найля Мулюкова Республика күніне арналған алдағы шараларға тоқталды.

Мәселен, 22 қазанда 12.00-де ҚБТУ-дың үлкен залында қала әкімінің қатысуымен Алматы қаласы тұрғындарының мемлекеттік наградаларын, алғыс хаттарын тапсыру салтанаты рәсімі жоспарланғанын атап өтті. Ал кешкі сағат 17.00-де қазақ эстрада жұлдыздарының қатысуымен үлкен концерт болады. Әрбір нөмірде Қазақстан тарихынан сыр шертетін театрландырылған қойылымдар көрсетіледі. Толық концертті 25 қазанда «Алматы» телеарнасынан көруге болады.

«25 қазанда сағат 11.30-да «Медеу» СК алаңында мемлекеттік тудың салтанатты көтерілуі өтеді және Қазақстан Республикасының Әнұраны жаппай орындалады. Дәл осы күні Астана алаңында жаппай кешкі мерекелер мен мерекелік концерт өтеді», – деді Н.Мулюкова.

Сонымен бірге, Республика күнін мерекелеу аясында қаланың барлық аудандарында салтанатты жиындар ұйымдастырылып, Қазақстан Республикасының Әнұраны орындалады, жаппай мерекелік іс-шаралар, дөңгелек үстелдер, т.б. өтеді. Республика күнін мерекелеу аясында қалада барлығы 400-ден астам түрлі іс-шара өтеді деп жоспарланып отыр.

Үлкен іс-шара 25 қазан күні сағат 17.00-де «Астана» алаңында қазақ эстрада жұлдыздарының қатысуымен өтеді. Хедлайнерлердің қатарында «Алашұлы», «Ұлытау», Мәдина Сәдуақасова, Бүркіт пен Айша, Диная, Луина, Әлішер Кәрімов, Асхат Тарғынов және т.б. бар. Концерт сағат 21.00-ге дейін жалғасады, одан кейін алматылықтар отшашуды тамашалай алады.

ӘЛЕУМЕТ



БОС ОРЫНДАР ЖӘРМЕҢКЕСІ

1000-нан астам адамның жолын ашты

Алматыда жаяу жүргіншілер көп жүретін Арбатта (Жібек жолы – Панфилов көшелерінің қиылысы) жалпықалалық «бос жұмыс орындар жәрмеңкесі» өтті.

Оған қатысуға 160 жұмыс беруші ниет білдіріп, олар өндіріс және қызмет көрсету, оның ішінде сауда, қоғамдық тамақтану, медицина, білім беру саласында 3500-ден астам бос жұмыс орнын ұсынды. Жәрмеңкеге 3000-нан астам адам келіп, оларға түрлі бағытта кеңестер беріліп, соның ішінде 1000-нан астам адам жұмысқа тұруға мүмкіндік алды.

Бұл іс-шарада азаматтардың жекелеген санаттарына: пробация қызметінде есепте тұрған, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған мүмкіндігі шектеулі адамдарға, сондай-ақ алимент төлеу жөніндегі борышкерлерге ерекше назар аударылды. Ол үшін жәрмеңкеге азаматтардың осындай санаттары үшін жұмыс орындарын құру бойынша квоталары бар жұмыс берушілер шақырылды.

Бос орындар жәрмеңкелері – бұл жастар үшін еңбек нарығын зерттеуге және бір жерде бірнеше жұмыс берушімен тікелей байланыс орнатуға тамаша мүмкіндік. Жұмыс берушілер үшін жәрмеңке өз кезегінде қолайлы үміткерлерді табу және жалдау процесін жеңілдетеді. Іс-шара жұмыс берушілер үшін де, ізденушілер үшін де тегін ұйымдастырылады.

Жұмыссыздар жәрмеңкесін Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен Халықты жұмыспен қамту орталығы ұйымдастырды.

Нұр ЖАМАЛ.

АЛМАТЫ МЕТРОСЫ



«БАЙҚОҢЫР – ҒАРЫШ АЙЛАҒЫ»

Гүлжанат СЕМБАЕВА

Алматы қаласында өткен «Ашық қоғамға – ашық Архив» І Халықаралық архивистер Конгресі аясында ҚР Президентінің Архиві Алматы қаласы метрополитенінің «Байқоңыр» бекетінде «Байқоңыр – ғарыш айлағы» тақырыбында көрме ұсынды.

Көрмеде Байқоңыр тарихын бейнелейтін фотосуреттер мен құжаттар ұсынылды. Ғарышкерлер Ю.Гагарин, В.Севастьянов, Т.Мұсабаев, Ю.Маленченко, У.Мербольтдың және Байқоңыр ғарыш айлағының әскери қызметшілерінің ұшу алдындағы суреттері бар.

Сондай-ақ, «Абай» метро бекетінде Алматы қаласының Мемлекеттік орталық архиві «Қала пейзажының өзгеруі» тақырыбындағы көрмесін, «Б.Момышұлы» бекетінде ҚР Орталық мемлекеттік архиві «Бауыржан Момышұлы – Кеңес Одағының Батыры, даңқты панфиловшы, жазушы» тақырыбындағы көрмесін, ал «Алмалы» бекетінде Орталық мемлекеттік кино-фотоқұжаттар мен дыбыс жазбалар архиві раритеттер көрмесін ұсынды.

КОНГРЕСС

Айнұр СЕНБАЕВА

Биыл тұңғыш рет Алматыда «Ашық қоғамға – ашық архив» атты І Халықаралық мұрағатшылар конгресі өтті. 19-21 қазан күндері өткен халықаралық шарада алыс-жақын шетелдердің мұрағатшылары бас қосып, жеке тәжірибелерімен бөлісті.

Әлемнің түкпір-түкпірінен келген мұрағатшылар Алматыда архив саласына инновациялық технологияларды енгізу және пайдалану мәселелерін талқылады. Шетелдік сарапшылар Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында өздерінің іс-шараға қатысуы туралы баяндады.

Конгресс аясында Халықаралық архивтер кеңесі қызметінің кеңейтілген таныстырылымы өтті. Негізгі тақырыптардың бірі – архив саласына инновациялық технологияларды енгізу және пайдалану. Бұл бағыттағы қазақстандық мұрағатшылардың тәжірибесі шетелдік қонақтардың қызығушылығын тудырды. Бұл – шамамен 200 мың сақтау бірлігі және 4 миллион құжат.

Форумға Халықаралық архивтер кеңесінің атқарушы директоры Carlos Serrano Vasquez қатысты. «Мұрағат адам құқықтарымен байланысты, өйткені онда сақталған ақпаратқа барлық адамдар қол жеткізуге құқылы. Мұрағат деректерін цифрландыруға назар аударып отырғанымызды айта кету өте маңызды», – деді шетелдік делегат.

Брифингке қатысқан тағы бір қонақ Иордания Хашимит Королдігінің Ұлттық кітапханасының бас директоры Nidal Ibrahim Muhammad AL-AHMAD Алматыда өткізіліп жатқан Конгресстен алған әсерімен бөлісті. Ол қазақстандық тарапқа осы шараны ұйым-

«Ашық қоғамға – ашық архив»

Алматыда әлем мұрағатшылары бас қосты



дастырып, әлемдік мұра үшін құжаттарды сақтауда қосып жатқан үлесі үшін алғыс айтты.

«Осы Форумның арқасында біз проблемалық мәселелерді бірлесіп шеше аламыз, мұрағат деректерін сақтай аламыз, біріге аламыз. Бір елге қатысты көптеген мұрағат құжаттарының басқа елде сақталуы да жиі кездеседі, ал осындай шаралардың арқасында кері байланысты қолдай отырып, ақпарат алмасудамыз», – деді Иорданиядан келген қонақ.

Конгресс аясында мұрағат ісін жан-жақты жаңғырту үшін бүгінгі таңда қолдануға және енгізуге болатын жаңа технологиялар мен құралдар саласындағы өзекті тенденцияларды талқылау үшін кәсіби алаңдар ұйымдастырылады.

«Мұрағат – адамзаттың көп ғасырлық тәжірибесі мен білімінің қоймасы. Бүгінгі таңда дүние жүзінің барлық елдерінде мұрағаттарды, тарих қоймаларын қорғау және қолдау бұрынғыдан да өзекті, өйткені ол – тарихи білімнің іргетасы болып табылатын мұрағаттық құжат», – деп атап өтті Ә.Мұстафина.

Қазақстан Республикасы Президенті Архиві директорының айтуынша, мұрағат саласының дәстүрлі, консервативті үлгісі жаңа технологияларды енгізу және цифрлық активтер көлемін арттыру арқылы цифрлық басқарылатын заманауи мұрағат үлгісіне айналуы керек.

Мұрағатшылардың халықаралық конгресін Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві Халықаралық мұрағаттар кеңесінің қамқорлығымен ұйымдастырған. Конгрессті ұйымдастыру мен өткізуге Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі және Алматы қаласының әкімдігі, сондай-ақ мұрағат қызметкерлері: Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыс жазбалар мұрағаты, Алматы қаласының мемлекеттік архиві және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қолдау білдірді.



Асқар ЖҰМАДІЛДАЕВ,
ҚР ҰҒА академигі:

Қазақстанның туған күні осы мерекеден басталады



Қазақстанның Декларациясы 1990 жылы 25 қазанда қабылданған. Ол кезде компьютер болған жоқ, сондықтан Тәуелсіздік Декларациясы қол санауы арқылы қабылданған. Қазақстанның туған күні осыдан басталған. Тәуелсіздік әр мемлекетке бір-ақ рет беріледі. Осынау тыныштық орнаған заманымызды қастерлеп, қадірлеп кие тұтуды

естен шығармағанымыз абзал. Бүгінде егемендік алған уақыттан бастап жастарымыз білімді, еліміз дамыған мемлекеттердің қатарынан көрініп отырмыз. Бұл дегеніміз – кешегі ата-бабаларымыздың аңсаған армандары емес пе? Сол себептен, ұлтымызды ұлықтайтын мерекенің тойланғаны құптарлық іс.

Қарагөз СҮЛЕЙМЕНОВА,
ҚР еңбек сіңірген қайраткері:

Халықтың еңсесі көтерілген күн

Республика күні жалпы халық, қазақстандықтар үшін өте маңызды деп есептеймін. Бұл – біз тәуелсіздігімізді аңсаған күн. Алаш зиялылары ғасырлар бойы осы идея үшін, бостандық, егемендік үшін басын құрбандыққа тіккен. Республика күні 13 жылдан бері тойланбай, қайта жаңғырып жатқан мерекеміз. Оған біз қуаныштымыз. Бұл – халықтың еңсесі көтеріліп, бөрігін аспанға атқан күн.

Несімен құнды? Егемендігіміз туралы Декларацияға қол қойылған күн. Шындап келгенде, айтулы дата. Оны біз ұмытпауымыз керек. Егемендікті қай күні алғанымызды өскелең ұрпақ білуі керек. Қандай сатылардан өттік? Тарихымызға терең бойлайтын мерекелердің тойланғаны, халықтың сана-сезімдерін арттырғаны маңызды. Міне, сол үшін де Республика күнін атап өту маңызды деп есептеймін.



Жұбаныш ЖЕКСЕНҰЛЫ,
ҚР еңбек сіңірген қайраткері,
әнші:

Бұл мерекенің орны бөлек



Мереке бізге көптік етпейді. Біздің бірлігіміз, ынтымағымыз үшін, елдің көңіл күйі үшін мереке әрқашан керек. Ал бұл мерекенің орны бөлек деп айтуға болады. Ұлттық мереке мәртебесіне ие болған күнмен құттықтаймын.

Биылдан бастап 25 қазан – Республика күні болып мерекелік күнтізбеге қайта енді. Еліміз үшін саяси маңызға ие ұлттық мереке – Республика күні идеологиясының негізінде бірлік қағидаты жатыр. Осы күнді атап өту барысында ұлттық құндылықтарымызды бала бойына сіңіруге, патриотизмді нығайтуға арналған іс-шаралар ұйымдастыру аса қажет.

Бактияр ТАЙЛАҚБАЕВ,
ҚР еңбек сіңірген қайраткері, әнші:

Біз үшін мерейлі мереке

Республика күнінің қайтадан 25 қазанға оралуы өте орынды. Өйткені, еліміздің мерекесін жоғары деңгейде атап өту – әрқайсымызға үлкен қуаныш сыйлайды деп ойлаймын. Бұл мереке біздің өркендеп, қарыштап дамуымызға жаңаша бір серпін береді. Осы орайда Желтоқсан оқиғасын да естен шығармауымыз қажет. Өйткені, біз үшін өте маңызды. Осы оқиға қазақ халқының өзінің көзқарасын, ойын білдірген еді әлем халықтарына. Біздің жауынгер, намысты жоғары қоятын ел екенімізді айқындаған еді. Республика күні біз үшін жылы, көңілді мереке деп ойлаймын. Өйткені, біз тәуелсіз мемлекетпіз. Бүгінде ел егемендігінің арқасында күніміз берекелі, тыныш өтіп жатыр. Осыны болашақ жастар естерінен шығармауы қажет.



ЖОЛДАУ–2022

Рая ЫДЫРАЛИЕВА,
Алматы қалалық және облыстық жергілікті агроөнеркәсіп кешені мен мемлекеттік мекемелер қызметкерлері кәсіподағының төрайымы:

ЕҢБЕКҚОР АДАМ – ЕҢ СЫЙЛЫ АДАМ

«Қуатты ұлттың діңгегі – халық. Кәсібилік пен еңбекқорлық қоғамымызда ең жоғары орында тұруы керек. Тағы да қайталап айтамын. Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады. Біз қарапайым еңбек адамына құрмет көрсетуіміз керек. Қандай кәсіппен айналыссаң да, оны сапалы атқару маңызды», – деді Мемлекет басшысы халыққа арнаған Жолдауында.



Біздің қоғамдық бірлестік, яғни кәсіподақ құрылғалы бері, міне, осы еңбек адамының мәртебесі, құқығы жолында жүйелі жұмыс істеп келеміз. Кәсіподақ комитетінің бір артықшылығы, жұмыс берушіге тәуелсіз болып келеді. Сондықтан жұмыс берушімен тең дәрежеде сөйлесіп, еңбеккердің құқығы бұзылып жатқан жағдайда, оны түзуді талап ете аламыз. Бізге мүше мекемелердегі жұмыскерлер мен қызметкерлердің еңбек құқығы мен әлеуметтік-экономикалық мүддесін қорғауды қамтамасыз етіп, әр мекемеде бастауыш кәсіподақ ұйымының құрылуына және ұжымдық келісім-шарттың сапалы жасалуына мән беріп отырамыз.

Бүгінде орасан зор маңызға ие ұжымдық шарттар жасау мен оларды сапалы орындауды ұйымдастыру жұмысын ерекше атап өтсем деймін. Ұжымдық келісім-шарт – жұмыскерлердің әлеуметтік еңбек құқықтарын қорғауға қатысты барлық мәселенің шешімін таба алатын басты құжат. Себебі, аталған құжатта жалдамалы жұмыскерлерге берілетін қосымша әлеуметтік кепілдіктер заңды түрде бекітіледі.

Ұжымдық шарттар дайындау барысындағы маңызды нәрсенің бірі – ол ресми түрде мемлекеттік еңбек инспекторынан тіркеуден өтеді. Ұжымдық шарттарда жұмыскерлерге әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жасау мәселелеріне басты көңіл бөлінеді. Мәселен, жыл сайынғы еңбек демалыстарына, қосымша демалыстарына, сырттан алынған уақыттағы қосымша төлемдер, балалар сауықтыру лагерьлеріне жолдамалар сатып алу, көмекке мұқтаж адамдар мен зейнеткерлерге қайырымдылық көмек жасау, кәсіпорын жұмысының тұрақтылығын қамтамасыз етуге көмектесу сынды іс-шаралар бар.

Биылғы 20 қарашада өтетін Президент сайлауында да еңбек адамының дауысы аса маңызды. Бұл баршамазға беріліп отырған үлкен мүмкіндік. Ал келесі жылы Мәжіліс және мәслихат депутаттарының сайлауы өтеді. Содан кейін Үкімет құрамы жасакталады. Соның нәтижесінде 2023 жылдың ортасында Президент, Парламент, Үкімет сияқты негізгі саяси институттардың бәрі қайта жаңғырып, жаңарады. Біз жақсы күндерге үміт артпауымыз.

САЙЛАУ–2022

Саламат БЕГАЛИЕВ,
Алматы қалалық «Жедел жәрдем» МКК-нің дәрігері:

АЗАМАТТЫҚ МІНДЕТІМІЗ

Қараша айында кезектен тыс Президент сайлауы өтетінін барша халық жақсы біледі. Өз басым, ел болашағын айқындайтын маңызды шараға қатысуды азаматтық борышым деп білемін. Мен үшін бұл ел болашағы, ұрпақ келешегі үшін шешім қабылдайтын тарихи сәт.

Бүгінде елімізде көптеген ауқымды шаралар қолға алынууда. Алда мемлекетімізді жақсылықтарға жетелейтін тың бастамалар мен жаңа мүмкіндіктер тұр.

Барша алматылықтарды өз Конституциялық құқығын пайдалана отырып, дауыс беруге шақырамын. Әділетті қоғам құру – өз қолымызда!





ӘКІМ

АШЫҚ ӘНҒІМЕ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев
Бостандық ауданының тұрғындарымен кездесті



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ

Нұржамал
ӘЛШЕВА

(Басы 1-бетте)

КҮН ТӘРТІБІНДЕ – ИНЖЕНЕРЛІК ЖЕЛІЛЕР

Бостандық ауданындағы коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту әлі де күн тәртібінен түспей тұр. Инженерлік желілердің 55%-дан астамының тозығы жеткен. Бұл туралы қала әкімі Ерболат Досаев Бостандық ауданының тұрғындарымен кездесуде мәлімдеді.

Жыл басынан бері инженерлік желілерде 671 апат болған. «Орбита», «Алмагүл» ықшамаудандарында, Жароков – Сәтбаев – Назарбаев – Әл-Фараби, Розыбакиев – Мыңбаев – Тілендиев – Тимирязев көшелерінің бөлігінде және «Ерменсай» ықшамауданында сумен және жылумен қамтамасыз ету бойынша апаттар жиі болып тұрады.

Осындай жағдайларға жол бермес үшін қыркүйек айында «Орбита-4» ықшамауданында, Ерғожин, Ганди атындағы көшелерде ұзындығы 1,6 км жылу желілерін қайта жаңарту жұмыстары аяқталды. Бұл жоба 546 көппәтерлі тұрғын үйді, 20 білім беру және 12 денсаулық сақтау мекемесін жылумен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Желтоқсан айында «Алмагүл» қосалқы станциясы үшін 4,8 км электрмен қамту кабельдік желісінің құрылысы аяқталады. Қазір шамамен 3 км тартылды. Бұл 200 мың тұтынушыға және 11 білім беру нысанын электр энергиясымен үздіксіз қамтамасыз етеді.

ЖАҢА МЕКТЕПТЕР БОЙ КӨТЕРЕДІ

Қала әкімінің айтуынша, аудандағы мектептер мен балабақшалардағы орын тапшылығын азайту үшін де бірталай іс атқарылған. Мәселен, 1 қыркүйекке қарай 875 орынды үш мектеп (№146, 191, 125) жанындағы қосалқы нысандар құрылысы аяқталды. 3 оқу орнына (№81, 40, 45) күрделі жөндеу жүргізіліп, сейсмикалық жағынан күшейтілді. 30 қарашаға дейін №9 арнайы түзету мектеп-интернатының жанындағы 120 орынды қосымша құрылыс

және «Орбита-3» ықшамауданында №145 мектепке сейсмикалық күшейту жұмыстары аяқталады. Бизнесстің әлеуметтік жауапкершілігі аясында «Базис» ЖШС 1 қазанда №65 мектепке 300 оқушыға арналған қосымша құрылыс салуға кірісті. Қараша айында «Қазақфильм» ықшамауданындағы №70 мектепті сейсмикалық күшейту басталады. Келер жылы Жандосов көшесі бойындағы 1100 орынды мектепті бітіріп, 2024 жылдың төртінші тоқсанына қарай «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру аясында Егізбаев көшесі бойынша 2000 орынды оқу орнын салу жоспарлануда.

Мектепке дейінгі ұйымдарда да орын тапшылығын қысқарту мақсатында жыл басынан бері ауданда 854 орынды 15 жеке балабақша ашылды. Жыл соңына дейін әрқайсысы 150 орынды тағы 2 балабақша ашылады. Бұрынғы №1 балалар үйінің қолданыстағы ғимаратын 480 орынды балабақшаға қайта жаңарту жоспарлануда. Қазіргі уақытта ЖСҚ-ты әзірленуде. Құрылыс-монтаж жұмыстарының басталуы 2023 жылдың сәуіріне жоспарланған. Сондай-ақ, алдағы екі жыл ішінде 540 орынды 3 мектепке дейінгі мекеме салу көзделген.

ЕМХАНА ДА САЛЫНАДЫ

Қала тұрғындарының өтініш-тілектерін ескере отырып, медициналық қызмет көрсетудің қадамдық қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін Алматы қаласының әкімдігі аудандағы іргелі сауда орталығының төңірегінен саябағы бар, 500 келушіге арналған емхана салу үшін 1,1 га жер телімін сатып алды. 2023 жылдың басында тиісті құжаттарын әзірлеу басталады.

Бүгінде «Балалар шұғыл медициналық көмек орталығының» операциялық блогы мен қабылдау бөлімшесінің құрылысы 50%-ға аяқталған. Бұл медициналық нысан келесі жылы пайдалануға берілмек. «Керуен Медикус» жеке клиникасы перзентханасының жаңа ғимараты да алдағы жылы салынып бітеді.

ЖОЛ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

Қала әкімі жол инфрақұрылымы мен қауіпсіздігіне ерекше назар аударып отырғанын жеткізді. Ерболат Досаевтың айтуынша, жыл басынан бері аудандағы 8248 шаршы метр 65 көше ағымдағы

жөндеуден өткен. Ұзындығы 15,2 км 18 көшеге орташа жөндеу жүргізілген. Оның ішінде тұрғындардың өтініші бойынша Талапты көшесі жөнделді.

Сондай-ақ, бүгінде Рахмадиев көшесі, әл-Фараби мен Сейфуллин даңғылдары сынды 3 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Есеп беру кездесуінде қала әкімі Ерболат Досаев атап өткендей, тұрғындарды толандыратын негізгі мәселелердің бірі – тұрғын үйлердің аулаларындағы апаттық ағаштарды және жасыл желектерді санитарлық кесу.

Оның айтуынша, қалада апатты жағдайдағы 5 мың ағашты кесу жұмыстары басталды, оның 900-і Бостандық ауданында. Қазіргі уақытта ауданның 3 көшесіндегі 207 ағаш оталды, санитарлық мақсатта 4500 ағаш кесілген.

Сонымен қатар, ауданда нөсер жауын-шашын кезінде су басу мәселесі өзекті күйінде тұр. Жаңбыр кезінде үнемі су басып кететін 5 учаске бар. Төтенше жағдайлар желісі бойынша бұл мәселені тездетіп шешу үшін қыркүйек айында арық өткелдерін қалпына келтіру және арық желісін салу жұмыстары басталды. 2 арық өткелін (Жароков пен Сәтбаев көшелерінің және Байтұрсынов пен Сәтбаев көшелерінің қиылысы) қайта жаңарту жұмыстары аяқталды. Қалған 3 учаскені жою жұмыстарын жыл соңына дейін аяқтау жоспарлануда.

Қазан айының соңына дейін әл-Фарабиден Абай даңғылына дейінгі ұзындығы 4,5 км болатын Үлкен Алматы жағалауын реконструкциялауға және абаттандыруға жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу аяқталады.

● ТҮЙІН:

Алматы қаласының әкімімен кездесу барысында Бостандық ауданының тұрғындары көшелерді ұзарту, ауданды абаттандыру, апатты ағаштарды кесу, жаңа үйлер мен әлеуметтік нысандар салу, инженерлік желілерді модернизациялау, қала әкімдігін қайта реконструкциялау, Президент резиденциясы орнындағы жаңа саябақты абаттандыру және т.б. мәселелерді көтерді. Қала басшысы тұрғындардың 100-ге жуық өзекті сұрағына жауап берді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен бекітілген халықпен кездесудің жаңа форматына сәйкес, жыл соңына дейін Ерболат Досаев халықпен 24 кездесу өткізеді. Демек, өзіңізді толандырып жүрген сауалдар болса, тікелей қоюға мүмкіндігіңіз бар.

Өмір болған соң айналамыздың мінсіз болуы мүмкін емес. Сондықтан түрлі құқық бұзушылықтардың алдын алу және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жаяу жүргіншілер өткеліне 18 бағдаршам; 1245 көппәтерлі үйге 7639 камера; 103 «Сергек» аппараттық-бағдарламалық кешені (ал бұл 792 камера) орнатылған. 2023 жылдың шілдесіне дейін тағы 96 «Сергек» (465 камера) орнатылмақ. Оның 78-і негізгі көшелерде, 18-і жол қиылыстарында болады.

«Южный» саябағында стационарлық модульдік полиция пункті орнатылды. Биылғы желтоқсан айында адам көп жиналатын жерлерде қосымша 301 бейне-мониторинг жүйесі орнатылады.

17 ЖОБА ТАҢДАЛДЫ

Тұрғындармен кездесу барысында қала әкімі Ерболат Досаев «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасының іске асырылу барысы туралы да хабардар етті. Биыл бұл бағытта ауданда 21 жоба жүзеге асырылуда.

Бүгінгі күні 11 нысан бойынша жұмыстар аяқталған (3-еуі балалар және спорт алаңдары, 1-еуі суару жүйесі және 7-еуі қоғамдық кеңістік). Қалған 10 жоба (8-і қоғамдық кеңістік, 1-еуі суару жүйесі, 1-еуі жаяу жүргіншілер аймағы) биылғы 30 қарашаға дейін орындалады.

«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша аудан тұрғындары 2023 жылға қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру және көгалдандыру, балалар мен спорт алаңдарын жөндеу және орнату сынды әлеуметтік бағытта 165 өтінім берген. Дауыс беру қорытындысы бойынша алдын ала 17 жоба таңдалды.



ДЕКЛАРАЦИЯ



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

ҚАСИЕТТІ ДЕ ҚАСТЕРЛІ ҚҰЖАТ

Қазақ-Британ техникалық университетінің Эл-Фараби атындағы кіші залында Республика күніне арналған ғылыми-практикалық конференция өтті.



Досбол
АТАЖАН

Республика күніне арналған конференцияға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев, Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақан Бижанов, бұрынғы XII шақырылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаттары, Алматы қалалық мәслихатының депутаттары және өзге де қазақ зиялылары

қатысты. Конференция барысында 1990 жылы 25 қазанда «Мемлекеттік егемендік туралы» декларацияның қалай қабылданғаны еске алынып, алдағы Республика күнін атап өтудің маңызы талқыланды.

«1990 жылы 25 қазанда «Қазақстанның егемендігі туралы» декларация қабылданды. Ол Республикамыздың тәуелсіздігіне жасалған алғашқы қадам болды, сол сәттен еліміздің жаңа тарихы басталды. Азаттық, тәуелсіздік, егемендік кез келген ұлт үшін ең қымбат мұра. Сол тұрғыдан декларация еліміздің егемендігі мен тәуелсіз мемлекет ретінде Қазақстанның саяси-құқықтық негіздерін жариялады», – деді Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақан Бижанов.

Конференцияда алғы сөз айтылған соң, жиынға қатысушыларды Алматы қаласы

әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев алда келе жатқан Республика күнімен құттықтады.

«Алатаудың баурайындағы әсем қаламыз Алматыда тоқсаныншы жылы Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданып, еліміздің шынайы тәуелсіздігіне жол ашылды. Ата-бабаларымызға ғасырлар бойы арман болған егемендікке қадам басқан бұл күн арнайы мереке болып белгіленді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен оған ұлттық нақыш берілді, арнайы заң қабылданды. Баршаңызды келе жатқан Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!», – деді қала әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев.

Декларацияның қабылдануына үлес қосып, осынау тарихи сәттің бастауында болған XII шақырылған Қазақ КСР Жоғарғы

Кеңесінің депутаттары да өз естеліктерімен бөлісті.

«Декларацияны қабылдағанда 360 депутат болды, оңай емес қой? Бұл демократиялық процесс басталған уақыт. Әрине, көпшілігі оны қолдап дауыс берсе де, бірақ 18 адам қарсы болды. Міне, ол кездері сондай толқу болды. Сонда декларация қабылданғанда бір-бірімізге қарасак, көзімізден жас шығып тұр. Енді ата-бабаның арманы орындалып отыр ғой. Тәуелсіздікке деген ең үлкен қадам осы біздің», – деді XII шақырылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің бұрынғы депутаты Оразалы Сәбден.

Жиын соңында Қазақ-Британ техникалық университетінің студенттері көшеге ту ұстап шығып, Республика күніне орай көк ту акциясын өткізді.

МӘМС

ЖАҢА МҮМКІНДІК

Биылдың бастап бір жылға сақтандыру мүмкіндігі пайда болды. Сақтандыру статусын берудің жаңа механизмі МӘМС жүйесіндегі көпшілік күткен және тиімді өзгерістердің біріне айналған сынды. Олай дейтініміз, бүгінгі күнге дейін 2,6 мыңнан астам азамат жаңа тетікті пайдаланып үлгерді, деп хабарлайды МСҚ Алматы филиалының баспасөз қызметі.



Хабарламаға сүйенсек, 2022 жылдың қыркүйегінен бастап міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарды сақтандыру тәртібі өзгерді. Бұдан былай аталған санаттағы тұрғындар алдағы 12 айға жарна төлеп сақтандыру жүйесіне қосылуға мүмкіндік алды. Мәселен, пациент МӘМС пакетіндегі қызметтерді пайдалану

үшін өткен жылдың берешегін өтемей, 2022 жылдың қыркүйек айынан бастап 2023 жылдың қыркүйегіне дейін жарна аудара алады. Статус 3 күннен кейін беріледі, себебі екінші деңгейлі банктер төлемдерді 3 күн өңдейді.

Бұрынғы тәртіп бойынша сақтандыру статусына ие болу үшін өткен 12 айдың қарызын өтеу қажет болатын. Жаңа механизм 5 қыркүйектен бастап толыққанды іске қосылды. Сарапшылар болжамынша, бұл әдіс сақтандырылмаған азаматтардың шамамен 30 процентін сақтандырумен қамтуға мүмкіндік бермек. Қазан айының алғашқы жартысында еліміз бойынша жаңа механизмді 2600-ден астам азамат пайдаланған. Олардың басым бөлігі Алматы, Астана қалалары және Алматы, Қарағанды, Түркістан, Жамбыл облысының тұрғындары.

«Жалпы, сақтандыру жүйесі көпшілік үшін тиімділігін дәлелдеп отыр. Өйткені, сақтандырылған адам медициналық қызметті керегінше пайдалана алады. Мәселен, өз бетінше сақтандырылатын азаматтар бір жылда 36 мың теңге төлейді. Бірақ көрсетілетін қызмет саны мен көлемі бұл қаражатпен шектелмейді», – дейді МСҚ Алматы филиалының директоры Тілеухан Әбілдаев.

Нұржамал ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.

САЙЛАУ–2022



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

БОЛАШАҒЫМЫЗДЫ ӨЗІМІЗ ТАҢДАУЫМЫЗ ҚАЖЕТ

Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Адал сайлау үшін» штабының мүшелері үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерімен, студенттермен, магистранттармен, докторанттармен және профессор-оқытушылар құрамымен кездесті.



Олжас
МУРАТБЕКҰЛЫ

Кездесуде азаматтардың сайлау құқықтарының конституциялық кепілдіктері жайында мәселе қозғалды. Модераторлық жасаған заң ғылымының докторы, профессор А.Ибраева сайлау кезіндегі заңгерлердің миссиясы туралы айтып берді. Штаб мүшелері, белгілі заңгер ғалымдар Ермек Әбдірасұлов, Индира Әубәкірова конституциялық реформаның, сайлау заңнамасының, сайлау процесін ұйымдастырудың және т.б. негізгі ережелерін егжей-тегжейлі атап өтті. Заң ғылымының докторы, профессор, Заң факультетінің деканы Дәулет Байделдинов

азаматтардың сайлау құқығының конституциялық кепілдіктері туралы бөлек тоқталды. Байқаушылардың сайлау процесіне қатысуы, олардың құқығы мен міндеті, сондай-ақ ҚР Президенттігіне кандидаттарды ұсыну ерекшеліктері үлкен қызығушылық тудырды.

Университет басшылығы, профессорлар мен оқытушылар штабтың түсіндіру жұмыстарының маңыздылығын атап өтіп, өткізіліп жатқан іс-шараларға қолдау білдірді. Бұған дейін хабарланғандай, ағымдағы жылдың 27 қыркүйегінде еліміздің заңгерлер қауымдас-тығын шоғырландыру мақсатында «Қазақстан заңгерлер одағы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің базасында «Адал сайлау үшін» штабы құрылған болатын.

– Қазақстан Республикасының Президенттік сайлауы кезектен тыс өткелі жатыр. Бұл – өте маңызды шара. Осы кезде әрбіріміз қалыс қалмай, бәріміз сайлау учаскесінің алдынан табылғанымыз абзал. Себебі, біз еліміздегі ең жоғары лауазымға ие тұлғаны тандап жатқанымызды сезінуіміз қажет. Байқасаңыздар, таңертеңнен сайлау учаскесінен табылатындар үлкен кісілер, зейнеткерлер екені анық. 18 жасқа толған әрбір жас та өзінің ел алдындағы жауапкершілігін сезініп, сайлауға ерте барғаны жөн. Сонда біз өз таңдауымызды жасап, ауызбіршілігімізді көрсеткен болып саналамыз, – деді «Адал сайлау үшін» штабының мүшесі Ермек Әбдірасұлов.



24 ҚАЗАН – БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ КҮНІ

БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ

әлемнің түкпір-түкпіріндегі миллиондаған адамдарға Үміт үйі болып қала береді

БҰҰ – халықаралық бейбітшілікті, қауіпсіздікті сақтау және нығайту және елдер арасындағы ынтымақтастықты дамыту мақсатында құрылған мемлекеттердің халықаралық ұйымы. Бүгінде әлемдегі ең беделді бұл ұйымға 193 мемлекет кіреді.

БҰҰ ең ірі халықаралық ұйым бола отырып, ұжымдық реттеуді қажет ететін қазіргі заманның жаһандық мәселелерін шешуге арналған алаң ретінде қызмет етеді. Бітімгершілік – халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті

ілгерілету және сақтау үшін БҰҰ-ның қолжетімді ең тиімді құралдарының бірі. БҰҰ көптеген жаһандық мәселелерді шешетін әлемдік аренадағы ең ықпалды ұйымдардың бірі. Бұл өз кезегінде мемлекеттердің саяси ғана емес, экономикалық процестерінде де көрініс табады.

БҰҰ – қақтығыстарды бейбіт жолмен реттейтін, әлем халықтарын достық қарым-қатынастарды дамытуға ынталандыратын, бейбітшілікке төнетін қатерлердің алдын алатын ұйым.

ЖАҒАНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРМЕН АЙНАЛЫСАТЫН ӘМБЕБАП ҰЙЫМ

Біз бүгінгі күні адамзат үшін аса маңызды кезеңде өмір сүріп жатырмыз. Әлем геосаяси қайшылықтар күшейіп келе жатқан жаңа кезеңге тап болып отыр. Жақында ғана, яғни 20 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясының 77-сессиясының жалпы дебатында сөйлеген сөзінде: «Біз мұнда – БҰҰ штабпәтерінде адамзат үшін аса маңызды кезеңде бас қосып отырмыз. Тәртіп пен жауапкершілікке негізделген әрі бұрын қалыптасқан халықаралық жүйенің орнын хаос пен болжауға келмейтін жағдай басып отыр. Тежемелік және тепе-теңдіктің жаһандық жүйесі бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтап қала алмады.

Қауіпсіздік архитектурасы келмесе кетіп барады. Әлемдік алпауыттар арасындағы өзара сенімсіздік жылдам арта түсті. Әлем жаңа әскери қақтығыс ошақтарының құрбанына айналды. Біз екі буыннан кейін алғаш рет ядролық қарудың қолданылу қаупімен бетпе-бет келдік»,– деп қадап тұрып айтты. Рас, халықаралық ахуал шынында да өте күрделі.

Мемлекет басшысы өз сөзінде атап көрсеткендей: «Өткен жылдардағы көптеген және көбіне өзара байланысты дағдарыстар жаһандық басқаруда айтарлықтай кемшіліктер бар екенін көрсетті. Олар БҰҰ-ны жаңғырту және реформалау қажет екенін айқындап берді».

БҰҰ ҚАЛАЙ ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛАДЫ?

БҰҰ-ға мүше мемлекеттер Ұйымның бюджетіне бағалау шкаласына сәйкес

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

- 1945 жылдан бері БҰҰ-ның қолдауымен 170-тен астам бейбіт келісімдер жасалып, аймақтық қақтығыстар тоқтатылды. Отарсыздандыру процесінде БҰҰ шешуші рөл атқарды.
- БҰҰ-ның көмегімен әлемнің 80-нен астам елі тәуелсіздік алып, егемен мемлекеттер болды.
- БҰҰ-ның күш-жігерінің арқасында адам құқықтары, терроризммен және халықаралық қылмыспен күрес, босқындар, қарусыздану, тауарлар мен мұхиттарды қорғау туралы 500-ден астам көпжақты келісімдер жасалды.
- Дүниежүзілік азық-түлік бағдарламасы – әлемдегі ең ірі гуманитарлық мекеме жыл сайын 80 елде орта есеппен 90 миллион адамды аштықтан құтқарады.
- Сарапшылардың болжамы бойынша дүние жүзінде 1990 жылдан бері қақтығыстарда қаза тапқандардың 90 пайызы бейбіт тұрғындар болған, ал олардың 80 пайызы – әйелдер мен балалар.
- Әлемде өндірілетін барлық вакциналардың жартысын ЮНИСЕФ өз бағдарламаларын жүзеге асыру үшін сатып алады. БҰҰ-ның агенттіктері 65 миллион босқындар мен қоныс аударғандарға көмек пен қорғауды қамтамасыз етеді.
- Түрлі науқандар арқылы Ұйым жыл сайын 3 миллион адамның өмірін сақтай отырып, дүние жүзіндегі балалардың 45 пайызын иммунизациялайды.
- 103 миллион босқындар мен соғыс құрбандарына, аштық пен қуғын-сүргінге ұшырағандарға көмек көрсетеді және оларды қорғайды.
- Дүние жүзіндегі 12 операция аясында 87 000 бітімгершілік күштермен бейбітшілікті сақтайды.
- Дүние жүзінде 3,6 миллиардтан астам адамның өміріне әсер ететін су ресурстары мәселелеріндегі жаһандық дағдарысты шешуге көмектеседі.
- 80 келісім-шарттар мен декларациялар ережелерін басшылыққа ала отырып, барлық жерде адам құқықтарын қорғайды және көтермелейді.
- 202 миллион адамға 46 миллиард доллар көлемінде гуманитарлық көмекті жинауды үйлестіреді.
- Дипломатиялық әдістермен қақтығыстардың алдын алады, оның ішінде жыл сайын 50 елге сайлау өткізуге көмектеседі.
- Жыл сайын 30 миллионнан астам әйелдер пайдаланатын репродуктивті денсаулық сақтау саласында қызмет көрсетеді.
- Біріккен Ұлттар Ұйымының сыйлықтар жинағы – 1950 жылдан бері мүше мемлекеттер, қорлар және жеке донорлар Біріккен Ұлттар Ұйымына ресми түрде сыйға тартқан өнер, тарихи нысандар мен сәулет элементтері жинағы.



БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін БҰҰ-ның құрылуына әскери, саяси, экономикалық және басқа да бірқатар факторлар серпін берді. Ол кезде көптеген елдер мен халықтар адамзатқа бейбітшілік пен тыныштық әкелетін, халықтардың бейбіт өмір сүруін қамтамасыз ететін және мемлекеттердің дамуына көмектесетін ұйымды армандады. Мұндай халықаралық құрылымды құру идеясы алғаш рет 1941 жылы көтерілді.

Біріккен Ұлттар Ұйымы күні – БҰҰ Бас ассамблеясының 2-сессиясының шешімімен 1948 жылдан бастап жыл сайын 24 қазанда атап өтіледі. Бұл күні 1945 жылы БҰҰ Жарғысы күшіне енді. 1971 жылы 26-сессияда Бас Ассамблея бұл күнді халықаралық мереке деп жариялап, барлық мемлекеттерді мемлекеттік мереке ретінде атап өтуге шақырды. Осылайша дүние жүзінде 24 қазан – Біріккен Ұлттар Ұйымы күні. Біріккен Ұлттар Ұйымы күніне орай БҰҰ Бас хатшысы жыл сайын дүниежүзілік қауымдастыққа үндеу жолдайды. Бұл күннің мерекелік шараларына кездесулер, пікірталас «дөңгелек үстелдері», көрмелер кіреді, Бас Ассамблея залында халықаралық концерт өтеді. Кейде БҰҰ мүшелері дүние жүзіндегі қалалармен электронды түрде байланысып, телеконференциялар, арнайы іс-шаралар өткізіледі.

Әр мемлекет бұл күнді әртүрлі түрде атап өтеді: Дания мен Финляндияда – Ту күні. АҚШ-та – Біріккен Ұлттар Ұйымы күніне байланысты жыл сайын Президенттің жолдауы жарияланады. Швецияда – Біріккен Ұлттар Ұйымының күні, флагштоктарда Швецияның туы немесе БҰҰ туы көтеріледі.

қаражат енгізеді. Ол елдің төлем қабілеттілігі, жалпы ұлттық өнім, халық саны негізінде құралады. Бюджетке негізгі салымшылар АҚШ, Жапония, Қытай және Германия болып табылады. БҰҰ-ның ағымдағы екіжылдық тұрақты бюджеті 5,4 миллиард АҚШ долларын құрайды. Бір жылға арналған бітімгершілік операцияларының бюджеті 6,7 миллиард АҚШ доллары көлемінде. Салыстырмалы түрде айтсақ, 2016 жылы жаһандық әскери шығындар 2 триллион АҚШ долларын құрады. Осылайша бейбітшілікті сақтау үшін соғыс жүргізуден гөрі аз ақша жұмсалады.

ҚАЗАҚСТАН МЕН БҰҰ АРАСЫНДАҒЫ СЕРІКТЕСТІККЕ – 30 ЖЫЛ!

Осыдан 77 жыл бұрын БҰҰ-ның негізін қалаушы мемлекеттер Ұйымның Жарғысына халықаралық құқықтың қағидаттары мен нормаларын енгізді. Бұл ережелер осы уақыт аралығында әлемдік қауымдастықтың қызметін тиімді реттеп келді. Қазір осы әмбебап Ұйымның негізінде қалыптасқан іргелі қағидаттарға қайта оралу аса маңызды. БҰҰ аясында бекітілген құндылықтар жүйесі әлемнің түкпір-түкпіріндегі миллиондаған адамға үміт сәулесі болып қала береді. Біз ынтымақ-

тастық рухына негізделген БҰҰ-ны басшылыққа алып, сол құндылықтарды батыл қорғауға тиіспіз. Біз тек күш жұмылдыра отырып қана қазіргі заманның сын-қатерлеріне төтеп бере аламыз.

Биыл Қазақстан мен БҰҰ арасындағы серіктестікке 30 жыл! Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен нығаюына БҰҰ зор үлес қосты. Осы аралықта біз Адам құқықтары жөніндегі кеңестен бастап Қауіпсіздік Кеңесіне дейінгі Ұйымның барлық негізгі органдарында БҰҰ Жарғысында белгіленген мақсаттарға қол жеткізу үшін жұмыс істедік. Қазақстан алда да қауіпсіз, орнықты және дамыған жаһандық қоғам құру жолында жұмыс істейтін болады.



Сабырхан СМАҒҰЛОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
оқытушысы.

Балалар
жылы
2022

ШАРЫН МЕН КӨЛСАЙ

Алматы қаласы Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қоры әлеуметтік аз қамтылған отбасы жасөспірімдеріне тамаша тарту жасады

Аз қамтылған отбасы балалары жылына бес мәрте туристік экскурсияларға тегін бара алады. Республика күніне орай Алматы қаласы Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қоры әлеуметтік аз қамтылған отбасы жасөспірімдеріне тамаша тарту жасап, туған жердің көркем табиғатымен танысу үшін тегін тур ұйымдастырды.



Бұл күні 100-ден астам жасөспірім Шарын шатқалы мен Көлсай көліне барды. Жасөспірімдер бұған дейін Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптары мұражайына, Есік көліне, Түрген шатқалына, Көшпенділер қаласына саяхаттап барса, енді міне, бесінші тур барысында Шарын шатқалы мен Көлсай көліне барды. Сонымен қатар, бір күндік турдың есебіне көлік, тамақ және гидтің қызметі кіреді.

Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қоры өкілдерінің айтуынша, жасөспірімдерді патриоттық рухта тәрбиелеп, туған табиғатқа деген іңкәрліктерін ояту мақсатында мұндай жұмыстар әлі де жалғаса береді. Еліміздің басты көрікті жерлерімен, туристік орындарымен таныстыру тұрақты түрде жүзеге

асырылады. Сондай-ақ, қоғамдағы әлеуметтік аз қамтылған топтар санатындағы отбасылардың, арнайы орталықтарда тәрбиеленіп жатқан 12 мен 29 жас аралығындағы жасөспірімдер үшін тегін қызмет көрсетіледі.

Алдағы жылы да 5 экскурсиялық турды өткізу жоспарда бар. Сонымен қатар, туристік қызметпен айналысатын «Романтик» демалыс орталығында жасөспірімдер туризм және қауіпсіздік негіздерін, тактикалық ойындарды, картографияны меңгереді, туристік спорттық саяхаттарға шығады. Алматының сегіз ауданында 150-ге жуық демалыс орталығы бар. Қолға алынып отырған бұл жоба әлеуметтік сипатқа ие болып, қызу қолдау тауып отыр. Өйткені, жоба халықтың әлеуметтік осал топтарындағы

балаларға, жасөспірімдерге және жастарға көмек көрсетуге бағытталғандығымен де ерекше маңызға ие. Сонымен қатар, мәдени-ағарту, әскери-патриоттық, спорттық, шығармашылық, интеллектуалдық, робототехника және т.б. әртүрлі бағыттағы оқыту түрлері де тегін жүргізіледі. Қазіргі таңда демалыс орталықтарында шеберлік сыныптары, байқаулар, турнирлер, жарыстар, эстафеталар, тәрбие сағаттары, профилактикалық әңгімелер, кездесулер, көрмелер, экскурсиялар, саяхаттар мен акциялар түрінде әртүрлі форматтағы іс-шаралар тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Бұдан өзге, аталмыш жоба аясында демалыс орталығында 500 үйірме мен секция ашылып, 155 000-нан астам жасты қамтып отыр.

«МЕНИҢ ОТАНЫМ – ҚАЗАҚСТАН»



АРМЫСЫҢ, «АЛТЫН КҮЗ!»

Оқушылар сарайының «Туризм және өлкетану» бөлімі «Менің Отаным – Қазақстан» бағдарламасы аясында «Алтын күз» деп аталатын туризм саласы бойынша жарыс көрігін қыздырды. Үрдіске айналған бұл жарыс жыл сайын күз мезгілінде ұйымдастырылады.

Жарысты ұйымдастырушылардың айтуынша, осындай іс-шараларды өткізу арқылы оқушылар арасында туризм мен салауатты өмір салтын насихаттай отырып, туристік дағдыларды қалыптастыруға болатын көрінеді. Сонымен, биыл бұл жарысқа қатысу үшін 31 команда жорыққа шықты. 200-ден астам оқушы 16 командаға бөлінді. Сегіз сағаттық қарқынды еңбектің арқасында табандылық танытып, тер төгіп, салауатты өмір салтын қалыптастырды.

Жарыс қорытындысы бойынша кіші жастағылар тобы арасынан 1-орынды – №47 мектеп, 2-орынды – №30 мектеп, 3-орынды – №41 мектеп иеленді. Ал ересектер тобы арасынан 1-орынды – №59 мектеп (1 команда), 2-орынды – №59 мектеп (2 команда), 3-орынды – №47 мектеп жеңіп алды.

Жарыс соңында Оқушылар сарайының ұжымы жорыққа шыққан балалармен жүйелі жұмыс жүргізе білгені үшін Қазақ спорт және туризм академиясының аға оқытушысы Нүркелді Еспенбетов пен академия студенттеріне, жарыстың соңына дейін Жедел жәрдем

қызметін ұсынғаны үшін Алматы қаласы бойынша «Төтенше жағдай медицинасы орталығы» филиалының директоры Жазыбай Қозыбаховқа үлкен алғыстарын білдіреді. Сонымен қатар, «Алтын күз–2022» жаяу туризм техникасы бойынша қалалық жарысқа биыл қосымша білім беру педагогі Асылбек Қалдыбекұлының бастамасымен №7 арнайы (түзету) мектеп-интернатынан ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылары алғаш рет қатысып отыр.

Жарыс барысында туристік кедергілер трассасынан өту реттілігі мен шарттары балалардың психо-физикалық мүмкіндіктерін ескере отырып жасалды. Туристік қашықтықтан өткеннен кейін ата-аналар мен балалар ұйымдастырушыларға өздеріне жарысқа қатысу мүмкіндігін бергені үшін алғыстарын білдірді. Оқушылар сарайының оқушысы Арай Еркебаеваның әпкесі Айгүл Аханқызы осы санаттағы балаларды қоғамға тартып, туристік-спорттық іс-шараларға қатыстырудың аса маңызды екенін айтып, ата-аналар атынан алғыс білдірді.

ҚОЛДАУ

ШӘКІРТАҚЫ
КӨБЕЙІП
ЖАТЫР

Жаңа оқу жылынан бастап студенттердің, магистранттар мен докторанттардың шәкіртақысы өсті. Бұл үрдіс әлі де жалғаса береді. Дәлірегі, 2025 жылға дейін жалғасатын болады. Алдағы жылдың қыркүйегінен бастап тағы 15%-ға, 20%-ға көбейетін болады. Мемлекетіміздің алға қойып отырған басты мақсаты – оқытушылардың, профессорлардың, PhD-докторанттардың, студенттердің шәкіртақыларын өсіріп, еңбек нарығындағы орташа және жоғары деңгейге келтіру.

«ҮЗДІК ПЕДАГОГ»

Білім саласында шығармашыл педагог мамандарды уақытымен тану, іс-тәжірибелерін тарату, тиісті дәрежеде бағалау әдетте ұстаздарға арналған байқаулар арқылы танылады. «Үздік педагог» конкурсы қыркүйек айынан бастау алып, бүгінгі күні аудандық кезеңнің нәтижесі анықталды.

Алмалы ауданының орта және арнайы мектептерінен 9 мұғалім, қосымша білім беру мектептерінен 3 мұғалім және балабақшадан 1 тәрбиеші өздерінің педагогикалық біліктіліктерін сынап көрді. Жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп жүрген бұл байқаудың биылғы оқу жылындағы ерекшелігі Оқу-ағарту министрлігінің ақпараттық жүйесі арқылы электронды форматта қатысушылар арнайы веб-порталға байқау талаптарына сәйкес жинақталған құжаттарын жүктеген еді.

Ереже талаптары бойынша жетістіктер портфолиосы, 4 тақырып бойынша 500 сөзден аспайтын эссе, мектептер (орта, арнайы, қосымша

ТУҒАН ЖЕР

Қазақстанның барлық мектебі мен колледжінде Республика күніне арналған салтанатты жиын өтті. Салтанатты жиын Мемлекеттік Әнұранмен басталып, оқу оғазаттары Мақтау қағаздарымен марапатталды. Еліміздегі барлық білім ордаларында «Қазақстан – туған жерім, туған елім!» тақырыбында республикалық сынып сағаты өтті.

КЕҢ БАЙТАҚ
РЕСПУБЛИКАМ МЕНІҢ!

Мұндағы басты мақсат – жас ұрпақты Отанға деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерге, ұлттық және мемлекеттік мерекелерге құрметпен қарауға баулу болып отыр. Жалпы, Республика күнін мерекелеуге арналған іс-шаралар 17 қазанда басталды. Мектеп оқушылары арасында «Туған жер» тақырыбы бойынша бірыңғай жалпыхалықтық диктант, ал 5–11-сынып оқушылары арасында жалпыұлттық бірыңғай эссе байқауы өтті.

Сонымен қатар, жоғары сынып оқушылары, яғни 9–11-сынып оқушылары арасында «Мен өз елімнің азаматымын!» тақырыбында пікірсайыстар және басқа да іс-шаралар ұйымдастырылды. «Қыран елім – Қазақстаным!» атты жалпы республикалық патриоттық акция аясында кітап оқығыштар байқауы, спорттық сайыстар, «Ұлттың ұлы ұстаздары» республикалық шығармашылық байқауы өткізілетін болады.

МЕКТЕП

«САЯЛЫ» АТЫНА САЙ

Биылғы оқу жылында Алатау ауданының «Саялы» ықшамауданында №204 мектеп пайдаланылуға берілген еді. Қазіргі таңда мектепте 2700 оқушы білім алып жатыр.



Жаңа мектепте еңбек жолын жаңа бастаған жастар да, оларға бағыт-бағдар беретін тәжірибелі ұстаздар да жеткілікті. Өсіресе, мемлекеттік бағдарламамен баспалы болған жас отбасылардың қуанышы тіпті ерекше. Білім ұясы соңғы үлгіде салынып, заманауи құрылғылармен толық жабдықталған.

Қазіргі кезде білім ұясының басшысы Гүлжан Мырзалы-

қызының ұйытқы болуымен мектеп ауласын көгалдандыру жұмысы қызу жүргізіліп жатыр. Жақында ғана Алматы қаласы бойынша «Билер кеңесі» республикалық қоғамдық бірлестігі филиалының төрағасы Бектұрсын Оспанов бастаған кеңес мүшесі Мұса Тасқұловтың бастамасымен 50 түп арша ағашы, 80 түп сәндік ағаштар, 300 түп раушан гүлі, 400 түп жасыл желек отырғызылды.

Ұстаз талантты болса,
шәкірт талапты болады

білім беру) 15 минуттық бейнесабак, мектепке дейінгі білім беру мекемелері үшін 7 минут бейнесабактарын жүктеп, комиссия мүшелері тарапынан арнайы бағалау парағымен нәтижелері сарапталды.

Алмалы ауданы бойынша 1-орынды №39 мамандандырылған лицейдің мұғалімі К.Сейтова мен №22 балабақшаның тәрбиешісі Ж.Қалымбетова алды. 2-орын иегерлері Ш.Смаханұлы атындағы №62 гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі Ж.Қырбаева мен №147 гимназияның бастауыш сынып

мұғалімі К.Шынжирлина болса, №144 мектеп-гимназияның бастауыш сынып мұғалімі О.Бакулина, №90 мамандандырылған мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі М.Асылбек, музыка пәнінің мұғалімі О.Хақкевич сынды ұстаздар 3-орынның иегерлері атанды. Осы жеңімпаздарды кеше Алмалы ауданы білім бөлімінің басшысы Зоя Қойшыбаева дипломдармен марапаттады.

Бетті дайындаған
Рая ЕСКЕНДІР.



ПОЭЗИЯ



Бауыржан ЖАҚЫП, ақын, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты. М.Мақатаев атындағы және Ж.Нәжімеденов атындағы әдеби сыйлықтардың лауреаты.

ЖЕЛЫРЕП ТҮРҒАН КӨК ТУЫМ – БИІК ТҰҒЫРЫМ!

Қазақстаным,
Тәуелсіз Қазақстаным!
Ақ қанат таңның көрдім мен
гажжап ұшқанын.
Көрдім мен сенің мөп-мөлдір
айдындарыңды,
Алатау, Алтай, Қаратау –
айбындарыңды.
Ұлытауыңды көрдім мен,
Шыңғыстауыңды,
Абайдың жсыры оқылған
мың қыстауыңды.
Гүлденді қазір кең далам
иесі болмаған,
Жамбылдың қызыл жолбарыс
киесі қолдаған.
Махамбет сөзі лаулаған
Қараойды көрдім,
Мағжан боп өзі қаулаған
дара ойды көрдім.
Мұстафа, Халел, Жақып пен
Әлімхандарың,
Міржақып, Ахмет, Жүсіпбек,
Әлихандарың...
Бауырыңа қайта оралды
өз арыстарың,
Қазақстаным,
Тәуелсіз Қазақстаным!
Көне ғасырлар сыр ашты,
гүлге де орандың,
Пырағы жетті Күлтегін,
Білге қазанның.
Рухсыз жүдеп тұр еді
жұтап даласы,
Қайта жаңғырды Отырар
кітапханасы.
Түркістаныма Тайқазан –
құтым оралды,
Көне Таразым жинады
бүкіл адамды.
Тарихтың дариялары
терең өрілді,
Арыстан баб пен Ясауи
жебеді елімді.
Естілді қайта жаңғырып,
көне сарындар,
Бабыр, Фараби, Қашқари,
Баласағұндар.
Ұрпаққа жетті өзгермей
бәз алыстағы үн,
Қазақстаным,
Тәуелсіз Қазақстаным!
Құлпырды жерім қызғалдақ
нұрға кенеліп,
Ақындар өлең оқыды
жырға бөленіп.
Күйшілер шертті Тәттімбет,
Құрманғазыдан,
Домбыра – дала шанағына
тұнған қазынам.
Ынтымақ, ырыс күйлерін
шертіп аймағым,
Қырандай қанат қағады
еркін ойларым.
Тәуелсіздіктің әншілері
шырқады әуенін,
Қазақстаным, не деген
тұлпар ел едің!
Алтын күн алтын далама
құйыпты нұрын,
Желбіреп тұрған Көк Туым –
биік тұғырым!
Оралып батыр, билерім,
Хандарым ойға,
Іргеміз бүтін ел болдық,
тәубә Құдайға!
Қазақстан, Астана, өзен-көл,
тау-тасым енді,
Әлемнің барлық жаңарған,
картасына енді.
Бостандығымның кун санап,
асқақтап әні,
Нұрлы болашаққа рухымыз
бастап барады.
Ғаламға жайдың аспанға
Қазақ ұшқанын,
Қазақстаным,
Тәуелсіз Қазақстаным!

ЗЕРДЕ

Ел тарихының Тәуелсіздік деп аталатын 31 жылдық кезеңінде сипаты мен маңызы жағынан әртүрлі орындар алатын мереке-лердің пайда болғанының куәсі болып жүрміз. Олардың ішінде сипаты жағынан мемлекеттік, маңызы жағынан жоғары деген санатқа жататын мерекелер бар. Солардың ішінде ресми түрде Республика күні деген атауға ие – 25 қазан жатады.

Жылдар мен сындар

Бұл мемлекеттік мерекені қайта оралған мереке деп атауға болады. Алғаш рет бұл күн елімізде 1992 жылы Республика күні ретінде ресми атап өтіле бастады да, 2001 жылдан бастап мемлекеттік мерекелік күндер қатарына енгізілді. Ал 2009 жылғы «Мерекелер туралы» заңда ол күн алынып тасталды. 2022 жылғы 29 қыркүйектегі Президент Жарлығына сәйкес, 25 қазан – Республика күні деген мемлекеттік мереке мәртебесін қайта алды. Осыған орай, 25 қазанның тарихына назар аударып көрсек.

1990 жылдың дәл осы күні Алматы қаласында Қазақ КСР 12 шақырылған Жоғары Кеңесі тарихи құжат – «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы Декларация» қабылдаған еді. Бұл құжаттың маңызы ерекше болғандықтан оның тарихына үңіліп көрелік.

Өткен ғасырдың 1985 жылы Қазақ Елі құрамында болған КСРО атты алып империяға М.С.Горбачев басшылыққа келіп, экономиканы қарқынды түрде дамыту үшін «қайта құру» саясатын жариялады. Оны жүзеге асыру мақсатында «жеделдету», «демократияландыру», «жариялылық» деп аталатын бағыттарды өмірге енгізе бастады. Бірақ нақты істен гөрі құр жалаң сөзі көп бұл бағыттардың нәтижелері онша болмады. Алып империяның экономикалық даму үдерісі тежеде бастап, көп ұзамай жалпы дағдарысқа жалғаса бастады. Ал ол өз кезегінде әлеуметтік өмірге кері әсерін тигізсе, бұл үдеріс ұлтаралық дүрдардылыққа ұласа бастады. Кеңес қоғамы өзінің 1920–1950 жылдардағы тарихының ақтандақтарын жариялылық арқылы біліп, оның себептерін коммунистік партияның үстемдігінен, оның Сталин секілді басшылығынан деп қабылдады. Сөйтіп, барлығына партия мен орталықтандырылған биліктің жетекшілері кінәлі делінген пікірлер үстемдік құра бастады.

Жариялылықтан – егемендікке!

«Қайта құру» саясаты жарияланғаннан кейінгі 3-4 жыл ішінде КСРО көлемінде қордаланған барлық мәселелер 1989 жылдың мамыр-маусым айларында өткен КСРО Халық депутаттарының 1 съезінде аузы ашылған жарадай толығымен көрініс берді. Съездің ашылған күнінің алғашқы сәтінен бастап-ақ оның жұмыс бағыты Кремль басшылығы ойлағандай болмады. Грузиядан сайланған бір депутат 1989 жылы сәуір айында Тбилиси қаласында болған қырғынның құрбандарын еске алу үшін үнсіз орындарынан тұруды және сол оқиғаға қатысты съездің шешімімен комиссия құруды ұсынғаны есімізде. Одан кейін сөз алған барлық депутаттар өз аймақтарындағы әртүрлі проблемаларды айтып жатты. Міне, осыдан кейін съезд жұмысы басқа арнамен жүрді десе болады. 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы туралы депутат М.Шаханов осы съезде сөйлегені есімізде. Жалпы алғанда, бұл съезд Кеңес Одағының тұралап қалғандығын, құлаудың алдында тұрғандығын көрсетті. Сонымен бірге, коммунистік идеологияның өміршең еместігін, КОКП рөлінің төмендегенін, Мәскеудегі Орталық биліктің

МЕРЕЙЛІ ДЕ

Егемендік Декларациясы – еліміздің Тәуелсіздігі жолындағы тарихи маңызды қадам



қауқары әлсірегенін және одактас республикалардағы басшылықтың рөлі мен бөлінінің арта бастағанын көрсетті.

Съезден кейін әлеуметтік-экономикалық ахуал одан әрі тереңдей түсті де, ол ішкі-сыртқы саяси жағдайға әсер етіп жатты. Ал оны тоқтатудың, дағдарыстан шығудың жолын Орталық билік таба алмады. Дәл осы кездегі КСРО жағдайын толқынды күні теңізде ескегінен айырылған қайықшыға теңесе болар еді. Алғаш рет осы тұста Балтық жағалауындағы республикалардың тәуелсіздік, егемендік туралы ойлары ашық айтыла бастады. Қызыл империяны сақтап қалу үшін Орталық билік 1990 жылдың бірінші жартысында федерация, конфедерация негізінде жаңа келісімдер жасау, тіпті Жаңа Одақтық шарт жасау туралы идеяларды алға тарта бастады. Сөйтіп, оның жұмысы басталып та кетті.

Дегенмен, оған қарамай Балтық жағалауындағы үш ел – Литва, Латвия және Эстония өз егемендіктерін жариялап, өзге республикаларға үлгі көрсетіп, батыл қадамдар жасады.

Осы тұста Қазақстанда да дәл Орталықтағыдай, Батыс жағалауындағы елдердегідей, Украина мен Грузиядағыдай болмаса да, саяси өмір жандана бастаған еді. Ол қоғамдық өмірді айқындайтын күшке айналмаса да, оның айқын көрінісі бола білді. Демократиялық күштер мен жариялылықтың ықпалымен 1988 жылы Алаш арыстары ақталып, одан кейін Желтоқсан оқиғасына қатысып сотталғандарға кешірім жасала бастады. 1990 жылы шілдеде еліміздегі барлық ұлттық-демократиялық бағыттағы саяси күштердің бірігуімен «Азат» республикалық азаматтық қозғалысы дүниеге келіп, өз жұмысын белсене жүргізе бастады. Қозғалыстың атынан көрініп тұрғандай, оның мақсаты – елдің азаттығы, егемендігі, тәуелсіздігі болды.

Жоғарғы Кеңес: екі маңызды құжат

Елдегі мұндай саяси демократиялық үдерістер мемлекеттік билікке де әсер ете бастады. 1990 жылы сәуір айында Жоғарғы Кеңестің кезекті жаңа сайлауы өтіп, өз жұмысына кірісті. Бұған дейінгі Жоғарғы Кеңес сайлаулары биліктегі коммунистік партияның басқаруымен, қатаң бақылауымен жүргізіліп, әрбір депутат тексерістерден өткізілетін. Бұл жолғы сайлауда ежелгі дәстүр сақталса да, депутаттық мандатқа

ондаған елімізге белгілі, алдыңғы қатарлы заңгерлер, экономистер, қоғамтанушы ғалымдар, жоғары оқу орындарының ректорлары, шығармашылық одақтың жетекшілері ие болды. Декларация қабылдауда осы топтағы тұлғалар ерекше рөл атқарды. Ұлттық құрам жағынан алғанда барлық 360 депутаттың 181-і қазақ, 100-і орыс, қалғандары басқа ұлт өкілдері болды. 12 шақырылған Жоғарғы Кеңес Төралқасының төрағасы болып мамандығы экономист Ерік Мағзұмұлы Асанбаев сайланды. Бұл Жоғарғы Кеңес ел тарихында екі тарихи құжатты қабылдауымен ерекшеленді. Алғашқы заңға – «Президент туралы» заң жатып, осы заңға сәйкес Жоғарғы Кеңес 1990 жылы 24 сәуірде ҚазКП ОК бірінші хатшысы Н.Назарбаевты Қазақ КСР-ның Президенті етіп сайлады.

Екінші заң – егемендік туралы заң болды. 1990 жылдың көктемі мен күз айлары аралығында КСРО-ның саяси өмірінде ыдырау үдерісі өте жоғары қарқынмен жүре бастады. Балтық елдерінің егемендігін басқа республикалар жалғастырып, егемендіктері туралы декларацияларын жарыса жариялап жатты. Тек Қазақстан мен Қырғызстан ғана әлі жариялай қойған жоқ еді.

Декларацияның үш жобасы

Айтуға оңай болғанымен, бұл маңызды құжатты қабылдау үлкен идеялық, саяси күрес арқылы жүреді. Негізінен, егемендік туралы Декларацияның үш жобасы дайындалады. Біріншісін Жоғарғы Кеңестегі «Демократиялық Қазақстан» деп аталатын қазағы бар, орысы бар, басқалары бар орыс тілді 30-дан астам мүшеден тұратын депутаттар тобы даярлайды. Олар Декларация жобасын қазан айының басында мерзімді баспасөз беттерінде жариялап жібереді. Бұл жоба бойынша Қазақстанда көпұлтты этностар өмір сүріп жатқандықтан жаңа қоғамды құру ұлттық мемлекеттілік тұжырым негізінде емес, азаматтық қоғам ұстанымы негізінде болуы қажет, өйтпеген жағдайда, болашақта ол қоғамда келеңсіз жағдайларды көп туғызады делінеді. 1989 жылы қыркүйекте қабылданған қазақ тілі туралы заңның болуына қарамастан олар Декларация жобасында орыс тілі ресми мемлекеттік тіл болады деп жазды. Бұл жоба, әрине, қазақ азаматтарының қатты қарсылығын туғызды.

Жоғарғы Кеңестің жұмыс тобы Декла-



МӘРТЕБЕЛІ МЕРЕКЕ



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



рацияның негізгі жобасын дайындап, талқылауға ұсынды. Қазан айының бірінші жартысы Декларация жобаларын талқылауға кетті десе болады. Сондай-ақ, халық қалаулыларынан, қоғамдық ұйымдар мен еңбек ұжымдарынан, жекелеген азаматтардан көптеген ұсыныстар, толықтырулар, өзгерістер туралы пікірлер Жоғарғы Кеңеске түсіп жатты. Осылардың бәрін ескере келе, Жоғарғы Кеңес заңгер – академик, алдыңғы ойлы ұлтжанды азамат, депутат Салық Зиманов бастаған арнайы комиссия құрып, оған ескертулер мен ұсыныстарды ескере отыра Декларацияның жаңа, толықтай нұсқасын, басқаша айтқанда үшінші нұсқасын жасауды тапсырады. Бір аптадан астам уақыт бойы жұмыс істеген С.Зиманов тобы Декларацияның жобасын Жоғарғы Кеңеске 15 қазанда ұсынды.

Жобаны талқылау өте қызу және қарқынды жүрді. Ондағы әрбір бапқа, әрбір сөйлемге, оның мәніне дейін талқылаудан өтіп, бірден дауысқа салынып отырады. Талқылау барысында арнайы жұмыс тобының мүшесі, белгілі заңгер-академик, тағы бір ұлтжанды азамат, депутат Сұлтан Сартаев өте белсенділік танытып, қойылған сұрақтарға жауап бере отыра, «Егемендік туралы Декларацияның» басты ұстанымы мен баптарын қорғап шығады. Сондай-ақ, ұлтжанды депутат зиялы қауым өкілдері мен басқа депутаттар арасында да түсіндіру жұмыстарын белсенді жүргізді. Осылайша ел тағдыры үшін аса маңыз-

ды құжаттың қабылданылуы күрделі жағдайда өтеді. Ақыры дауыс беру қорытындысы бойынша Декларацияны 261 депутат қолдап, 18 депутат қарсы дауыс береді, 2 адам қалыс қалса, 1 адам мүлде дауыс бермейді. Сөйтіп, 1990 жылдың 25 қазаны күні 18 сағат 55 минутта ҚазКСР-нің 12-ші шақырылған Жоғарғы Кеңесі «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы» Декларацияны көпшілік дауыспен қабылдады. Қазақстан Одақ құрамындағы республикалар арасында 14-ші болып егемендік туралы Декларациясын жария етті. Көп ұзамай Қырғыз елі де осындай заңын қабылдайды. Бұл кезде Қазақстандағы қазақ халқының үлес салмағы 40 пайызға жетпейтін.

Егемендіктен – Тәуелсіздікке!

Қабылданған Декларация 17 тармақтан тұрды. Онда Қазақ мемлекеттілігін құруда, қоғамды қалыптастыруда жалпы адамзаттық құндылықтар мен принциптер басшылыққа алынатындығы айтылды. Қазақ КСР одақтағы басқа мүшелермен ерікті түрде бірігетін және олармен келісім-шарттар негізінде қатынастар жасайтын егемен ел деп жарияланды. Сондай-ақ, Декларацияда Қазақстандағы биліктің қайнар бастауы және иесі Қазақстан халқы деп жарияланды. Сонымен бірге, бұл маңызды құжатта Қазақ КСР-нің территориясы тұтас, оған қол сұғылмайды және елдің келісімінсіз оны ешкім пайдалана алмайды делінді.

Декларацияда мемлекеттік биліктің үш тармаққа – заң, сот және орындаушы болып бөлінетіндігі жария етілді. Сонымен бірге, Қазақ КСР аумағында Ата Заң мен ел заңдарының үстемдік құратындығы, ел аумағындағы ұлттық байлыққа республиканың дербес меншігі болатындығы, халықаралық қатынастарда Қазақ КСР-і жеке субъект болатындығы және ішкі саясатты өз мүддесіне сай анықтайтындығы, егемендіктің басты белгілері – мемлекеттің елтаңбасы, туы және әнұраны болатындығы мәлімделді.

Арада 1 жыл және 1,5 ай өткеннен соң Қазақстан Республикасы егемендік туралы Декларацияны негізге ала отыра, Қазақ Елінің Тәуелсіздігі туралы Заңды қабылдады. Сөйтіп, Егемендік Декларациясы Ел Тәуелсіздігіне негіз қалаған және жол ашқан тарихи маңызды құжат болып саналады. Сол себепті де, 25 қазанның тарихи күн екенін білу және құрметтеу үшін ол мемлекеттік мерекелер қатарына енгізілді.



Беркет КӨРІБАЕВ,
ҚР ҰҒА академигі,
Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері,
тарих ғылымының
докторы,
профессор.

ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ



АХМЕТ
БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

Ақын сөзіне жұрт
рухының сәулесі
түспей тұрмайды.

ЗАМАНСӨЗ

ҚАЗАҚ ҰЛТЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ

XX ғасырдағы қазақ рухани мәдениетіндегі көшбасшылардың бірі болған Ахмет Байтұрсынұлы – өмірі аңызға, шығармашылығы үлкен маңызға ие болған көрнекті тұлға. Жастайынан тағдыр талқысын көріп өскен Ахметті өсірген де, ғылым мен мәдениеттегі көсегесін көгерткен де – халық үшін еткен еңбегі, елі үшін еңсере жасаған қызметі...

Қазақ сөзінің қисынын (теориясын) қиыстырып, көркем сөйлеу тілін ғылым тіліне айналдырып, тіл-құрал етіп әдіптеген ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлы тіл білімінде де көшбасшы болып, қазақ тіл ғылымы мен әдістемесінің негізін қалады. Қазіргі таңда Байтұрсынұлы жасаған бүкіл терминдер қазақ тіл білімінің метатүзғыры болып қалыптасып, тілдік тәжірибеде қабылданған, уақыт сүзгісінен өткен, қазақ тіл білімінің төл ерекшелігін танытатын құндылыққа айналған.

А.Б.САЛҚЫНБАЙ,
филология ғылымының докторы, профессор.

ТҰЛҒАТАНУ

ҰЛТТЫҚ ЖАЗУДЫҢ ҰЛЫ ЖОҚШЫСЫ

Қазақ тіліндегі дыбыстар жүйесін арнайы зерттеп, әліпби құрастырған қазақтың алғашқы фонологі – Ахмет Байтұрсынұлы. А.Байтұрсынұлы – бүкіл саналы өмірін қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің ықпалынан тазартумен айналысып, қазақ тілі ғылымын дамытқан ірі ғұлама.

А.Байтұрсынұлы қоғамдық сауаттануға кедергі болып жүрген араб әліпбиін түбегейлі реформалау жөнінде пікір айтып, қоғамдық ойға қозғау салып, жазуды халық тілі негізінде реформалап, XX ғасырдың басында төте жазуды дүниеге келтіреді... А.Байтұрсынұлы әліпбиінде қазақ тіліне тән, төл дыбыстарға ғана орын беріліп, кірме дыбыстар алынбайды. Ғалым гетерогенді сипат алған емлені, әліпбиді жалпыхалықтық, ұлттық негізде қарастырады. Сондықтан А.Байтұрсынұлының бұл жазу жүйесін ұлттық қазақ жазуы деп атаймыз...

Н.ӘМІРЖАНОВА,
филология ғылымының кандидаты.

ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ

АНДАТУ

«Біздің анық көріп, сезіп, біліп тұрған айналамыздағы нәрселердің бәрі не табиғат ісінен шыққан жаратынды нәрсе, не адам ісінен шыққан жасалынды нәрсе.

Орман, теңіз, тау, өзен, бұлақ – бұлар табиғат ісінен шыққан жаратынды нәрселер.

Үй, кірпіш, бақша, арық, құдық – бұлар адам ісінен шыққан жасалынды нәрселер.

Табиғат ісінен шыққан жаратынды нәрселердің бәрі табиғат дүниесі болады.

Адам ісінен шыққан жасалынды нәрселердің бәрі өнер дүниесі болады. Өйткені, жасалынды нәрселердің істеліп шығуына адам ақылы, әдіс-амалы, шеберлігі, өнер күші кіріскен.

Өнер түрлі болады. Біреулер үй салады, арық қазады, етік тігеді, арба істейді, киіз басады, ыдыс істейді. Тағысын-тағы сол сияқты шаруаға керек нәрселерді жасайды. Біреулер көрікті мешіт, көрнекті там, көркем сүгірет салады. Әдемі ән, әсерлі күй, ажарлы сөз шығарады.

Алдыңғы өнер мен соңғы өнердің арасында айырым бар. Алдыңғы өнерден шыққан нәрселер күн көру ісіне керек шаруа керек-жарақтары. Мұны істегенде «сұлуынан жылуы» дегендей көркем болуын көздемейді, тұтынуға қолайлы, жайлы, берік болу жағын көбірек көздейді.

Екінші өнерден шыққан нәрселер – жылуынан гөрі сұлу болуы көбірек. Көзделінгеннен көзге көркем, көңілге жағымды болып істелген нәрселер. Алдыңғы нәрселер адамның мақұлықтық жан сактау керегінен шыққан нәрселер, соңғы нәрселер адамның жан қолтау керегінен шыққан нәрселер. Сондықтан алдыңғы нәрселерді жасауға жұмсалатын өнер – тіршілік үшін жұмсалатын тірнек өнері болады да, соңғы нәрселерге жұмсалатын өнер – көркемшілік үшін көркем өнері болады».

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ОЙ-ОРАМДАРЫНАН

- Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы болуы керек.
- Тапқақтан гөрі мақал маңызды, шымыр келеді.
- Ақын сөзіне жұрт рухының сәулесі түспей тұрмайды.
- «Ғылым мен өнер елсізді – елдіге, жоқты – барға теңгереді».
- Жақсы шықса – жаман қалар.
- Теңеу: ай мен күндей – әмбеге бірдей.
- Шежіре, заманхат, өмірбаян, мінездеме – бәрі де тарихтың жемі есебіндегі нәрселер.
- Көрікте пұл жоқ.
- Сайлау деген – өзіңе берген ықтияр.

Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ.
(Деректер ашық интернет көздерінен алынды).

КӘСІПҚОЙ БОКС

Головкинді құлатқысы келеді

Соңғы жекпе-жегін қыркүйектің 18-інде мексикалық Сауль Альварес Канелоға қарсы өткізген жерлесіміз Геннадий Головкиннің келесі қарсыласы белгілі. Өтетін уақыты да бекітілуде.

Triple G шаршы алаңға 2023 жылдың ақпан немесе наурыз айында шығуы мүмкін. 41 жасқа аяқ басқан жерлесіміздің келесі қарсыласын Халықаралық бокс федерациясы бекітіп берді. Орта салмақта бірнеше белбеудің иегері саналатын Головкин IBF тұжырымы бойынша чемпиондық атағын қорғайды. Қарсыласы – бразилиялық Эскива Фалькао. Кәсіпқой бокста 30 айқас өткізіп, барлығында жеңіске жеткен 32 жастағы боксшы 30 жекпе-жегін ерте аяқтаған екен. Головкинді де құлатқысы келеді.

– Менің одан басты айырмашылығым – жеңіске деген құштарлығымда. Оның кәсіпқой бокстағы жетпеген жетістігі жоқ. Алатын белбеудің бәрін алды. Ал мен – ашпын. Жеңіске деген құлшынысым жоғары. Ұрып тастауға дайынмын. Айды аспанға бір-ақ шығарып, әлемді шулатамын. Бұл жекпе-жек өмірімді түбегейлі өзгертеді. Барлық есіктердің құлпын ашады. Сондықтан Головкинмен төбелесуге 100 пайыз дайынмын, – деді журналистерге берген сұхбатында Эскива Фалькао.

Айтпақшы, бұл айқаста жеңіске жеткен боксшы кубалық Эрисланды Ларамен кездеседі. Лараның да жасы Головкинмен шамалас. Соңғы жекпе-жегінде ирландиялық Гари О’Салливанды жеңген ол бүгінде WBA тұжырымы бойынша жерлесіміздің міндетті қарсыласы.

Өз кезегінде, Головкинге бұл екі кездесуден де бас тартуға кеңес беріп жатқандар бар. Әйгілі Boxingnews24.com



сайтының шолушысы Брайан Уэббер бұл жекпе-жектердің қазақстандық боксшыға табыс әкелмейтінін алға тартып, чемпиондық атақты қорғап қалудың қиынға соғатынын айтуда. Оның айтуынша, Головкинге бір салмақ жоғары көтеріліп, WBC тұжырымының уақытша чемпионы америкалық Давид Бенавидеспен кездескен дұрыс. Тіпті болмаса, қартайған шағында Джермайл Чарло немесе Крис Юбенктердің бірімен төбелесіп, пайда тапқан әлдеқайда тиімді.

Айта кетейік, кәсіпқой бокста 2006 жылдан бері жүрген Геннадий Головкин бүгінге дейін 45 жекпе-жек өткізіп, 42 жекпе-жегін жеңіспен аяқтаған. Екеуінде жеңілсе, біреуінде тең түскен. 37 кездесуінде қарсыласын нокаутқа түсірген. Ал сүрінген үш жекпе-жегі де Канелоға қарсы айқастар.

ТУРНИР

Өзбекстан астанасы Ташкентте спорттық акробатикадан Николай Лакизаны еске алуға арналған халықаралық турнир өтті.

Акробаттар 7 медаль олжалады

Екі күнге созылған турнирге Қазақстан мен дода қожайындары Өзбекстаннан бөлек, Германия және Ресейден барлығы 100-ден астам спортшы қатысты. Қазақстан құрамасының спортшылары өте сәтті өнер көрсетіп, барлығы 4 алтын, 1 күміс және 2 қола медаль жеңіп алды.

Нақты айтсақ, ерлерден Назар Жантасов пен Айсұлтан Сағынбек жұбы, қыздардан Валерия Муравкина мен Анжелика Бобощко тандемі өз бағдарламасында жеңімпаз атанса, Алиса Котова мен Руслан Мелешко аралас дуэтте топ Ал Дмитрий Федькович пен Карина Чубченко аралас бағдарламада отандастарына жол беріп, күміс жүлдеге ие болды. Руслан Әубәкіров пен Злата Богунова және Илларион Мацымоха мен Полина Оленьчук дуэттері аралас санатта үздік үштікті түйіндеді.

МӘСЕЛЕ

ЕЛ ФУТБОЛЫНДА ТҰРАҚТЫЛЫҚ НЕГЕ ЖОҚ?

Сұрақтан жалтарып үйренгендердің жақсы көретін мақалы бар. Әсіресе, бұл ел футболындағы мамандарға қатысты. Бірнәрсенің себебін сұрай қалсаң, «балапанды күзде санайды» деп, әліптің артын бағуға шақырады. Ендеше, күздің бел ортасынан астық. Футболдан ел чемпионатында маусымның көмбесі көріне бастады. Ұпай санайтын уақыт жеткен секілді.

Расымен де, Қазақстан футболында ел чемпионаты маусымы екінші айналымнан кейін бір-ақ басталады. Оған дейінгі ойындардың бәрі бекер. Қарамай-ақ қойсаңыз да болады. Босқа әуре боласыз. Уақытыңызды жоғалтасыз. Мәселен, ел қызығатын Еуропа чемпионаттарын алайық. Былтыр Англия Премьер-лигасында 10 турдан кейін «Челси», «Ливерпуль», «Манчестер Сити» үштігі көш бастап тұрған. Маусым соңында да осы үштік турнир кестесінің төрінен табылды. Германияда былтыр алғашқы 10 ойыннан кейін «Бавария» мен «Боруссия Д» тандемі суырылып алға шыққан. Мәреге қол ұстасып бірге жетті. Испанияда да дәл солай. Тізгінді маусымның басында өз қолдарына алған «Реалдың» ойыншылары чемпионат аяқталғанша ешкімді алға шығарған жоқ. Басқа чемпионаттардағы жағдай да осыған ұқсас. Ал бізде ше?

Бізде биыл маусым басында «Каспий» мен «Тараз» атой салған. Қарсыластарын қоғадай жапырып, барған жерінде құйын ойнатқан. Осылайша 10-турдан кейін аталмыш қос команда турнир кестесінде алғашқы екі орынды өзара бөлісуге дейін барды. Енді екеуінің қазіргі жағдайын қараңыз: ақтаулықтар 8-ші орынға дейін сырғыды. «Тараз», тіпті, 10-орында. Бірінші лигаға түсіп қалу қаупі де бар. Керісінше, алғашқы 10

ойыннан кейін 8-ші сатыда тұрған «Ақтөбе» қазір көш бастап тұр.

Ел футболы жайлы тербеп жүрген комментаторлардың бірі Олжас Байбосынның айтуынша, Қазақстан футболындағы мұндай құбылыс клубтардың приоритеттерінің ауыса беруіне байланысты.

– Спорттың маңында жүргеніме біраз уақыт болса да, Қазақстан спортын түсіне алмай-ақ қойдым. Футболда ғана емес, волейболда да сондай жағдай көп. Маусым барысында приоритеттері өзгере беретін сияқты. Еуропа елдерімен салыстырғанда біздің футболда тұрақтылық мүлдем жоқ. Кез келген клуб әп-сәтте банкротқа ұшырауы әбден мүмкін, – дейді Олжас Байбосын.

Әлбетте, барлық мәселе қаржыға келіп тірелетінін де жақсы білеміз. Маусым басында қаржыдан қағажу көрмеген «Тараз» футболшылары қазір тарығып жүргенге ұқсайды. Тіпті, ашынған кейбір жанкүйерлер жанайқайын әлеуметтік желілер арқылы да білдіруде. Ашық ақпараттарға сүйенсек, команда сапындағы легионерлердің жалақысыз жүргеніне 2-3 айдан асыпты. Ал жергілікті кейбір футболшылар мен мамандар өткен жылғы айлықтарын да ала алмай жүрген көрінеді. Жә, бұл енді ел футболындағы кез келген клубтың басындағы жағдай болуы да мүмкін. Мұның барлығы, бір жағынан,



трансферлік саясаттың да дұрыс болмауынан. Командаға сырттан беймәлім футболшыны шақырады да, маусым ортасына жетпей келісім-шартты үзіп жатады. Нәтижесінде әлгі футболшы сотқа береді, клуб қарызға кіреді. Осылайша команда өз қызметкерлеріне де айлық төлей алмай қысылады. Ал айлығын уақытылы қолына алмаған ойыншыларда алаңға шығатын мотивация да қалмайды.

Комментатор Олжас Байбосын маусым басында кейбір клубтардың жақсы ойнап, ортасына қарай болдырып қалуының тағы бір себебін алаң сапасымен де түсіндіреді.

– Өздеріңіз жақсы білесіздер, бізде ел чемпионатына келетін легионерлер аз емес. Арасында шебер ойыншылар да баршылық. Маусым басында олар командасын барынша алға сүйреуге тырысады. Алайда, Қазақстан футболында алаңдардың сапасының төмендігі соншалық, кез келген уақытта жарақат алып қалуы мүмкін. Көшбасшы ойыншысынан айырылған команда ақырындап турнир кестесінде де төмендей береді. Тіпті, дәл қазір чемпионаттың аяқталуына үш тур қалғанымен көш бастап тұрған «Ақтөбенің» де чемпион боларына сенбеймін. Өйткені, негізгі ойыншысы Видеомон жарақат алғалы олардың да ойыны оңып тұрған жоқ. Төреші факторы тағы бар. Ол енді мүлдем бөлек әңгіме, – дейді «Қазспорт» телеарнасының комментаторы.

Айта берсең, командалардың маусым басында мықты ойнап, соңына таман бол-

дырып қалуының себебі аз емес. Олжас Байбосынның тұрақтылық дегенінен шығады. Расымен де, командаларымызға тұрақтылық жетіспейді. Маусым басында жарқ ете қалған ойыншыны жұлып әкетуге дайын тұрған бәсекелестер көп. Мәселен, чемпионаттың алғашқы жартысында жақсы ойнап, «Таразды» өрге сүйреген Бауыржан Байтана жазғы трансферлік кезеңде «Ақтөбеден» бір-ақ шықты. Нәтижесінде «Тараздың» ойынынан мән кетті. Енді алда ел чемпионатының аяқталуына үш тур қалды. Өзірге «Ақтөбе» алда болғанымен «Астананың» чемпиондығына бәс тігетіндер көп секілді. Араларын бір-ақ ұпай бөліп тұр. Ертең 24-ші тур ойындары басталады. Елордада «Астана» мен «Атырау» ойыны өтсе, «Ақтөбе» өз алаңында «Тұранды» қабылдайды. Ұпай жоғалтуға болмайтынын екі көшбасшы да түсінгенімен екеуінің біреуі сүрінуі әбден мүмкін. Сондықтан көпшіліктің назары осы екі ойында болмақ.

Айтпақшы, ел футболына бір бет арнаған «Алматы ақшамы» неліктен Алматының командасы туралы айтпады деп жазғырмаңыздар. Олар туралы мақаланы алдағы уақытта жеке арнаймыз. Қайратынан айырылған «Қайрат» жайлы да айтарымыз көп. Ел футболының мамандары айтпақшы, әліптің артын бағайық.

Бетті дайындаған
Әзиз ЖҰМАДИЛ.

ТУРНИРЛІК КЕСТЕ

Орын	Команда	Ойын	Жеңіс	Тең ойын	Ұтылыс	Голдар	Ұпай
1	Ақтөбе	23	14	3	6	34-23	45
2	Астана	23	13	5	5	55-21	44
3	Тобыл	23	12	5	6	40-30	41
4	Қайрат	23	10	6	7	29-32	36
5	Ордабасы	23	11	2	10	32-35	35
6	Ақсу	23	10	2	11	28-32	32
7	Шахтер	23	9	4	10	30-28	31
8	Каспий	23	9	2	12	24-37	29
9	Атырау	23	7	7	9	26-30	28
10	Тараз	23	6	9	8	24-23	27
11	Қызыл-Жар СК	23	6	8	9	27-27	26
12	Тұран	23	5	10	8	20-27	25
13	Мақтаарал	23	6	6	11	23-37	24
14	Ақжайық	23	6	5	12	16-26	23

24-ТУР, 23 қазан (сенбі)
«Шахтер» (Қарағанды) – «Қайрат» (Алматы).
«Ақжайық» (Орал) – «Қызыл-Жар СК» (Петропавл).
«Мақтаарал» (Түркістан) – «Тобыл» (Қостанай).

«Астана» – «Атырау».
24 қазан (жексенбі)
«Тараз» – «Каспий» (Ақтау).
«Ақсу» (Павлодар) – «Ордабасы» (Шымкент).
«Ақтөбе» – «Тұран» (Түркістан.)



ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 30 сәуірдегі №2/270 қаулысы
Алматы қаласының Әділет Департаментінде
2019 жылдың 30 сәуірінде тіркелген, №1554

Алматы қаласында сайлау алдындағы үгітті
ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 28-бабына сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде берілетін үй-жайлар белгіленсін.

2. Осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясымен бірлесе отырып, барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар белгіленсін.

3. Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы Қазақстан Республикасының заңнама-сымен белгіленген тәртіпте кандидаттардың сайлаушылармен кездесуінің кестесін әзірлеу және оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау бойынша шаралар қабылдасын.

4. Алматы қаласы әкімдігі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:
1) «Алматы қаласында сайлау алды үгітті ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» 2015 жылғы 13 наурыздағы №1/163 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №1150 болып тіркелген, 2015 жылғы 21 наурызда «Алматы ақшамы» және «Вечерний Алматы» газеттерінде жарияланған);

2) «Алматы қаласында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды және сайлаушылармен кездесулерді өткізу үшін үй-жайларды белгілеу туралы» 2016 жылғы 1 ақпандағы №1/30 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №1251 болып тіркелген, 2016 жылғы 13 ақпанда «Алматы ақшамы» және «Вечерний Алматы» газеттерінде жарияланған).

5. «Алматы қаласы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнама-сымен белгіленген тәртіпте осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді, кейіннен мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауды және Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары А.Қырықбаевқа жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы әкімдігінің
2019 жылғы 30 сәуірдегі
№2/270 қаулысына
1 қосымша

Кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде
берілетін үй-жайлар

№	Өткізілетін оры	
	Ұйымның атауы	Мекен-жайы
1.	«№180 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	«Саялы» шағынауданы Ақжайнар көшесі, 7
2.	«№178 лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	«Ақбұлақ» шағынауданы, Суаткөл көшесі, 41
3.	«№26 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	«Шаңырақ-2» шағынауданы, Жанқожа батыр көшесі, 202
4.	«№166 лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Горняцкая көшесі, 5
5.	«№185 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	«Алғабас» шағынауданы, Алдияр көшесі, 16
6.	«№154 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	«Ақбұлақ» шағынауданы, Шәріпов көшесі, 38
7.	«№156 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	«Өжет» шағынауданы, Әуезов көшесі, 48
8.	«№179 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	«Қарасу» шағынауданы, Шахметов көшесі, 17/8
9.	«№41 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	«Самғау» шағынауданы, Көкорай көшесі, 14
10.	«№151 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	«Шапағат» шағынауданы, Новая Саловая көшесі, 100 А
11.	«№34 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Брусиловский көшесі, 15
12.	«№79 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Қарасай батыр көшесі, 205
13.	«№134 лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Жароков көшесі, 24
14.	«№46 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Қарасай батыр көшесі, 157
15.	«№ 95 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Шәріпов көшесі, 53
16.	«№ 8 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Қабанбай батыр көшесі, 125/105 А
17.	«№36 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Масаншы көшесі, 70
18.	«№15 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Гоголь көшесі, 133
19.	«№ 16 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Шәріпов көшесі, 23
20.	«№62 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Тұрғыт Озай көшесі, 45
21.	«Алматы қаласы Білім басқармасының Ахмет Байтұрсынұвы атындағы №139 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Черепанов көшесі, 14

22.	«Алматы қаласы Білім басқармасының №13 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	11 шағынаудан, 36
23.	«Алматы қаласы Білім басқармасының №72 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Сүлейменов көшесі, 16
24.	«Алматы қаласы Білім басқармасының №175 «Жаңа ғасыр» гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	«Тауғұл-3» шағынауданы, Шаймерденов көшесі, 21
25.	«№2 Алматы мемлекеттік гуманитарлық-педагогтік колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	«Тауғұл» шағынауданы, Вильнюс-кая көшесі, 29
26.	«Алматы қаласы Білім басқармасының №5 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	9 шағынаудан, 16
27.	«Алматы қаласы Білім басқармасының №1 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	10 шағынаудан, 23-Г
28.	«Алматы қаласы Білім басқармасының №5 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Жандосов көшесі, 63
29.	«Алматы қаласы Білім басқармасының №158 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	«Мамыр» шағынауданы, Степная көшесі, 8
30.	«Алматы мемлекеттік энергетика және электрондық технологиялар колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	Жандосов көшесі, 65
31.	«Алматы қаласы Білім басқармасының №119 мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	8 шағынаудан, 45
32.	«Алматы қаласы Білім басқармасының №9 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	12 шағынаудан, 18
33.	«Алматы қаласы Білім басқармасының №116 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	8 шағынаудан, 46
34.	«Алматы қаласы Білім басқармасының Ғабит Мүсірепов атындағы №86 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	6 шағынаудан, 63
35.	«Алматы қаласы Білім басқармасының №173 мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	«Мамыр-1» шағынауданы, 21
36.	«Алматы қаласы Білім басқармасының Л.Жансүгіров атындағы №130 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	«Тастақ-1» шағынауданы, Фуркат көшесі, 26-А
37.	«Алматы қаласы Білім басқармасының №27 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	5 шағынаудан, 8-Б
38.	«Алматы құрылыс-техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	Саян көшесі, 32
39.	«Алматы қаласы Білім басқармасының №104 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2 шағынаудан, 59

40.	«Алматы жана технологиялар колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	Төле би көшесі, 287-А
41.	«Алматы қаласы Білім басқармасының №141 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	«Жетісу-2» шағынауданы, 8-Б
42.	«Алматы қаласы Білім басқармасының №117 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	«Жетісу-2» шағынауданы, 2
43.	«Алматы қаласы Білім басқармасының №122 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	3 шағынаудан, 52
44.	«Алматы қаласы Білім басқармасының Әлеуметтік мекемелердің түлектерін бейімдеу және қолау орталығы «Жастар үйі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	«Жетісу-2» шағынауданы, 79
45.	«№3 Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	«Мамыр-7» шағынауданы, 8-А
46.	«Алматы қаласы Білім басқармасының №42 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	«Ақсай-2» шағынауданы, 33
47.	«Алматы қаласы Білім басқармасының №126 мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	«Ақсай-4» шағынауданы, 66
48.	«Алматы қаласы Білім басқармасының №111 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	1 шағынаудан, 37-Б
49.	«Алматы қаласы Білім басқармасының №121 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	«Ақсай-2» шағынауданы, 69-А
50.	«Алматы қаласы Білім басқармасының №132 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	«Ақсай-4» шағынауданы, 107
51.	«Алматы қаласы Білім басқармасының Қожа Ахмет Яссауи атындағы №123 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	«Ақсай-3А» шағынауданы, 54
52.	«Алматы қаласы Білім басқармасының №133 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	«Ақсай-1» шағынауданы, 26
53.	«Алматы қаласы Білім басқармасының №155 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	«Достық» шағынауданы, Садукасов көшесі, 29
54.	Алматы қаласы Білім басқармасының «мамандандырылған «Білім-Инновация» лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	«Ақсай-3Б» шағынауданы, 27
55.	«№40 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	«Орбита-3» шағынауданы, 55-А
56.	«№60 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	«Орбита-1» шағынауданы, 41
57.	«№146 мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Гагарин даңғылы, 311
58.	«№183 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Ерменсай кенті, Жәңгір хан көшесі, 18
59.	«№70 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	«Қазақфильм» шағынауданы, 15-А
